



ҚҰРТТАН –  
ЧУПА-ЧУПС

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



КИІКТЕРДІ ЖАЛМАҒАН  
ЖҰТ

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



НЕГЕ ШЕТ ЕЛДЕН ЖҰМЫС  
ІЗДЕЙДІ?

8-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“”

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ-ЕЛБАСЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ХАЛЫҚҚА ҚАНАТ БІТІРЕТІН ҚҰН-  
ДЫЛЫҚ, МҰНДАЙ БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ КЕЗ  
ЖЕТКІЗГЕН КҮННІҢ ӨЗІНДЕ ДЕ БӘРІ БІРДЕЙ ИГІЛІГІН  
КӨРЕ АЛМАУЫ МҰМКІН. 1991 ЖЫЛЫ БІЗ ҚАНАТЫМЫЗ-  
ДЫ КЕҢГЕ ЖАЙЫП, ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ  
БАСТЫҚ, ЕҢ БАСТЫСЫ, ЕЛІМІЗДЕ БІРЛІК, БЕЙБІТ-  
ШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМДІ САҚТАЙ БІЛЕЙІК. БҰЛ – БІЗДІҢ  
ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БАСТЫ ЖЕТІСТІГІ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ  
ЖЕҢІСТЕРІМІЗДІҢ КЕПІЛІ.

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

№39 (4163) Сейсенбі 6 сәуір 2021 жыл

NurSultan

# ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АППАРАТ



## ШЕТКІ АЙМАҚТАР НАЗАРДАН ШЕТ ҚАЛМАЙДЫ

«Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер жоспарында елорданың шеткі аймақтарын дамытуға ерекше маңыз берілген. Бүгінгі таңда осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қала шетіндегі елді мекендерде қоғамдық кеңістіктер, аулалық клубтар, медициналық мекемелер ашылып, тұрғындар үшін қолайлы жағдайлар жасалып отыр.

2



### ШАҒЫН АУЫЛДАРҒА – ҒАЛАМТОР

Қазір елімізде 5300 ауыл ғаламторға қосылған.

Бірақ олардың ішінде әлі 510 ауылда мәселе бар. Ол ауылдарға WhatsApp арқылы хабарлама алмасып, жаңалықтар оқуға ғана жарамды ғаламтор тартылған. YouTube сияқты әлеуметтік желіні пайдалана алмайды. Биыл Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 510 ауылдағы ғаламторды жақсарту жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ тұрғындарының саны 250 адамнан аспайтын 292 ауыл да ғаламторға қосылмақ.

«ASTANA AQSHAMY»  
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

### ЕКПЕ АЛУҒА ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛАМЫЗ?

Коронавирусқа қарсы вакцина алғысы келетін азаматтар eGov mobile арқылы кезекке тұра алады.



Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтты. «Вакцинацияға алдын ала жазылу eGov mobile қосымшасы арқылы жүзеге асырылды. Техникалық мәселелердің бәрі шешілді. Қазір Денсаулық сақтау министрлігінен келісім алған соң бірнеше қалада пилоттық режимде іске қосамыз» деді министр.

«Air Astana» әуе компаниясы Нұр-Сұлтан-Алматы және Алматы-Нұр-Сұлтан бағыттарындағы рейстерінде цифрлық құжаттарды пайдалану жөніндегі қанатқақты жобаны іске қосты.

### ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТПЕН ЖОЛ АШЫҚ

5 сәуірден бастап электрондық жеке куәлікті EGOV mobile қосымшасы арқылы көрсетілген әуежайларда тіркеу, тексеру және отырғызу пункттерінде қолдануға болады. Дегенмен, жолаушыларда жеке куәліктерінің түпнұсқасы да болғаны жөн. Өйткені пилоттық жоба кезінде цифрлық құжаттар жолаушының мәртебесін тексерудің балама нұсқасы болады.

Жоба Мемлекет басшысының жеке куәліктер, дипломдар мен құқықтарды электрондық түрде беру жөніндегі процестерді цифрландыру және мемлекеттік органдардың жұмысына енгізу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында енгізілді.



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 505.60 \$ USD/KZT 430.00 ₸ RUB/KZT 5.67 ¥ CNY/KZT 65.05

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№39 (4163) 06/04/2021 Сейсенбі

## ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, белгілі қоғам қайраткері Қабдеш Жұмаділовтің дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдады. «Қабдеш Жұмаділовтің қаламынан шыққан туындылар дәуірдің жүгін, замана келбетін, қоғамның үнін айқын көрсете білген еді. Соның ішінде қилы кезеңді бастан кешкен халықтың тағдырын арқау еткен романдары мемлекет және қалың көпшілік тарапынан жоғары бағасын алды. Қарымды қаламгер еліміздің рухани саласын дамытуға мол еңбек сіңірді. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңына өшпес із, сарқылмас мұра қалдырған Қабдеш Жұмаділовтің есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады» делінген жеделхатта.

## ПАРЛАМЕНТ

Сенаторлар палатаның алдағы отырысында «ҚР Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларын қарайды. Бұл туралы палата спикері Мәулен Әшімбаевтің төрағалық етуімен өткен бюро отырысында мәлім болды. Алғашқы келісім екі ел арасындағы көші-қон процестерін реттеу жөніндегі мәліметтер алмасуды оңайлатуға мүмкіндік береді. Осылайша, тараптар статистикалық, құқықтық және ғылыми-әдістемелік ақпаратты, сондай-ақ олардың аумағындағы екі мемлекеттің азаматтары туралы мәліметтерді алмады. Елімізде туристік басымдыққа ие ТОП-10 аумақ белгіленетін болады. Егер инвесторлар ол жерлерде туристік нысан құрылысын бастауды ұйғарса, онда сол кәсіпкерлерге жеңілдіктер беріледі.

## ҮКІМЕТ

Ертең Үкімет үйінде дәстүрлі отырыс өтеді. Күн тәртібінде: «Санитариялық-эпидемиологиялық жағдай», «Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту» атты екі мәселе қаралады. Мәжіліс PrimeMinister.kz сайтында және әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында онлайн режимде көрсетіледі.

## ШЕТКІ АЙМАҚТАР НАЗАРДАН ШЕТ ҚАЛМАЙДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында елорданың шеткі аймақтарының абаттандырылуы жайлы мәлім етті.



– Бүгін қаланың шеткері аймақтарына бардым. Қалада барлығы 280 мың адам тұратын 16 елді мекен бар. Бұл – елорда халқының төрттен бірі. Әрбір елді мекен бойынша қадамдық іс-шаралар жоспары әзірленді. Мысалы, бытыр елді мекендерде 100-ден астам көше асфальтталды, 40-тан астам қоғамдық кеңістік (саябақтар, скверлер, бульварлар) және аулалар абаттандырылды. Бірқатар

әлеуметтік нысандар, соның ішінде мектептер мен «үй маңындағы дөңгез» нысандары және т.б. салынды, – деп жазды А.Көлгінов.

Сонымен қатар, шет аймақ тұрғындары аса көңіл бөліп отырған мәселелерге де тоқталған әкім газ тарту жұмыстарының қалай жүріп жатқаны туралы да айтты.

– 13,5 км инженерлік желілер, 5 км-ден астам көріз және су құбыры, 3 км-ден

астам нөсер көрізі салынды. Бұл жұмыстардың барлығын жүйелі түрде жүргіземіз. Елді мекендерді аралау барысында тұрғындармен осы жылға арналған жоспарлар талқыланды. Әрбір елді мекенге барып, іс-шаралар жоспарына тұрғындардың қажеттілігін енгіземіз.

Бүгін сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру кешендері құрылысының барысымен таныстым. Егде жастағы

адамдарға арналған клубтар, ХҚКО, полиция пункттері, пошта бөлімшелері орналасатын спорт мекемелері төрт елді мекенде пайда болады. Тұрғындар спорт кешендеріне тегін бара алады. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биылғы жылыту маусымында бірқатар елді мекен газға қосылды. Көктал-1 елді мекенінде жүргізіліп жатқан газ тарту желілерінің құрылысы барысымен таныстым. Бүгінде жұмыстардың 90%-дан астамы орындалды. Бұған дейін Железнодорожный, Көктал-2, Агроқалашықтың (бір бөлігі) елді мекендерінің тұрғындары газға қосылды. Сондай-ақ 1-ЖЭО және 2-ЖЭО бірқатар су жылыту қазандықтары газға ауыстырылды.

2021 жылдың соңына дейін Оңтүстік-Шығыс (оң және сол жағы), Промышленый, Көктал-1, Агроқалашық елді мекендері газбен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Күйгенжар, Интернациональный, Мичурин елді мекендерінде осы жылдың соңына дейін газ өткізуді жоспарлап отыр. Газдандыру процесі үш кезеңнен тұрады. Газдандыру қаланың экологиясын жақсартып қана қоймай, жеке сектор тұрғындарының өмір сүру жағдайын жеңілдетуге мүмкіндік береді» деп жазды елорда әкімі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы akorda.kz сайты хабарлады.

## ЖАҢА ЛАУАЗЫМ БЕКІТІЛДІ

Жаңа лауазым Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық өкілеттіктерін іске асыруда қамтамасыз ету, мемлекеттік билік органдарының сыртқы саясат саласындағы қызметінің тиімділігін арттыру және Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық бастамаларын ілгерілету мақсатында енгізілген. Президенттің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі туралы ережеге сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі мемлекеттік саяси қызмет болып саналады. Арнаулы өкілді ҚР Президент Әкімшілігі басшысының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының

Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Арнаулы өкіл Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді. Мемлекет басшысының Жарлығымен Ержан Қазыханов ҚР Президентінің Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі лауазымына тағайындалды. Ол Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымынан босатылды. Бұл лауазымды қызметке және Өкілетті Елшісі лауазымынан босатылды. Сұрақтардың бір бөлігі сол жерде шешілді, қалғандары назарға алынды. Қажет болған жағдайда мамандар өтініш білдіргендерге барып та жатады» деп жазды қала әкімі.

## АПТА САЙЫН ҚАБЫЛДАЙДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында азаматтарды қабылдау мәселелерді жүйелі шешуге мүмкіндік беретінін мәлім етті.

– Азаматтарды қабылдау мәселелерді жүйелі түрде шешуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ қабылданып жатқан шаралар қала тұрғындарының өміріне қалай әсер ететінін көруге, қаланың одан әрі дамуына ықпал етуге мүмкіндік туғызды. Мысалы, азаматтарды қабылдаудағы негізгі мәселелердің бірі тұрғын үй мәселесі мен медициналық көмек алу екенін көрдік. Әлеуметтік жеңілдікпен берілетін пәтерлерді алушылардың санатын едәуір кеңейттік, тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін 1,5 млн теңгеге дейін ұлғайттық, сондай-ақ оңалту орталықтарының, медициналық орталықтардың, балалар үйірмелерінің және т.б. желісін кеңейттік. Мемлекет басшысы-

ның тапсырмасына сәйкес спортпен айналысу үшін жағдай жасаймыз. Қоғамдық кеңістіктер ашып (саябақтар, бульварлар), аулаларды абаттандырамыз, дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысымен айналысамыз және т.б. Бұл балаларды спортқа дағдылауға, олардың физикалық денсаулығын күтуге мүмкіндік береді.

Бүгін қабылдауға жазылған 10 тұрғынды онлайн қабылдадым. Кездесулердің өзектілігін көріп, қабылдауларды апта сайын өткіземіз. Сұрақтардың бір бөлігі сол жерде шешілді, қалғандары назарға алынды. Қажет болған жағдайда мамандар өтініш білдіргендерге барып та жатады» деп жазды қала әкімі.

## АНАЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында көпбалалы және жалғызбасты аналарға баспана кілттері табысталды.

Аталған шарада елорда әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов пен «Отбасы банк» АҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша орталық филиалының директоры Жансұлтан Матаев сөз сөйлеп, үйлі болған тұрғындарға пәтер кілттерін табыстады. «Біріншіден, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің атынан сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Осы үй баршаңызға берекелі және құтты болсын! Үйлеріңіз ерқашан балалардың күлкісі мен бақытқа толы болсын!» деді Нұрлан Нұркенов.

– Үйге мұқтаж азаматтарды үймен қамтамасыз ету бойынша орасан жұмыс атқарылып жатыр. 2020 жылдың нәтижесі бойынша 2 500 адам мемлекеттік бағдарлама аясында «Отбасы банк» арқылы жеңілдетілген несиемен өз үйлеріне көл жеткізді. Бил сол жұмыстар жалғасын табуда. Сонымен қатар 8 мыңға жуық пәтер беріледі. Бүгінгі алған



пәтерлеріңіз құтты болсын! «Сыртты малға, іші жанға толысы» деген қазақта жақсы сөз бар, сол қуаныштарға барлығымыз бірге жете берейік» деді Жансұлтан Матаев.


Шара соңында пәтерге ие болған қала тұрғындары қуаныштарын білдірді. «Бүгінгі күнге дейін пәтер жалдап тұрдық. Жалғызбасты ана болғандықтан қиынға

соқты десем болады. 2015-тен бастап 6 жыл кезекке тұрдым. Міне, бүгін төбем көкке жетіп, жақсы көңіл-күйді тұрмын» дейді Сония Жаппасбаева қуанышымен бөлісіп.

## ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚАНШАСЫ ҚОНЫСТАНДЫ?

Жыл басынан бері атажұртқа оралған қандастардың 5,4 пайызы елордаға қоныстанды. 2021 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 3 966 адам тарихи отанына оралды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға шамамен 1 млн 74,3 мың этникалық қазақ оралды. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

Жыл басынан бастап Қазақстанға көшіп келген қандастардың жартысынан астамы (75,6%) Өзбекстаннан, 11,9% – ҚХР-дан, 5,8% – Түркіменстаннан, 3,0% – Моңғолиядан және 3,6% басқа елдерден келген. Олар, негізінен, Алматы (32,6%), Түркістан (16,5%) және Маңғыстау (14,2%) облыстарына, сондай-ақ Шымкент (12,0%) және Нұр-Сұлтан (5,4%) қалаларына қоныстанған. Олардың арасында еңбекке қабілеті барлар саны 59,9%-ды, еңбекке қабілетті жастан кішілері 24,1%-ды, зейнеткерлер 16,0%-ды құрайды.



Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеу электронды форматта өтеді. Бұл туралы Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Қаринова мәлімдеді.

«Білім және ғылым министрлігі білім саласын ары қарай жетілдіру бойынша бірқатар жұмыстар атқаруда. Соның ішінде ашықтықты, ададықты қамтамасыз ететін

цифрландыру процесіне көшкеніне біраз уақыт болды. Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеуді электронды форматта өткізуді жоспарланып отыр. Өздеріңізге белгілі 2004 жылдан бері ҰБТ

## ҰБТ ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ӨТЕДІ

қағаз форматта өткізіліп келеді. Бастапқы уақытта Ұлттық бірыңғай тестілеудің екі түрлі функциясы болды. Біріншіден, мектеп бітіруге байланысты қорытынды аттестаттау жұмыстары және мектеп бітіргендігі жөнінде аттестат алу үшін, сондай-ақ жоғары оқу орнынан түсету мемлекеттік гранттар конкурсына қатысу функциясын атқарды» деп тоқталды вице-министр Орталық коммуникациялар қызметінде. Оның сөзіне қарағанда, қазіргі кезде ҰБТ тек қана жоғары оқу орнына түсу үшін мемлекеттік грантты жеңіп алу конкурсына қатысу тегі болып саналады. «Бұл – әлемдік тәжірибе. Барша

әлемде осындай әдіспен жоғары оқу орындарына тестілеу жүргізіліп келеді» деді Ш.Қаринова.

Сондай-ақ ҰБТ бұрынғыдай 10 күннің ішінде ғана емес, енді үш ай бойы ҰБТ электронды форматта өтетін болады. «ҰБТ-ны өткізу процесін цифрландыру бірқатар ерекшеліктерге және ұтымды жағдайларға ие. Біріншіден, бұл тест тапсырушылардың өздері үшін ыңғайлы. ҰБТ бұрынғыдай 10 күннің ішінде ғана емес, енді үш ай бойы ҰБТ электронды форматта өтетін болады. Ең ұтымды жағына тоқталсақ, оқуға түсушінің өзі қай күнге, қай уақытта және қай жерде өткізуді таңдай алады. Тір-

келгеннен кейін, тестілеуді электронды форматта өтеді» деді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев.

Айта кету керек, мемлекеттік білім грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін ҰБТ 15 сәуірде басталып, 30 маусымға дейін жалғасады. Компьютерлік ҰБТ-ға өтінішті Ұлттық тестілеу орталығының сайты арқылы беруге болады. Тіркеу онлайн режимде жүргізіледі, ешқандай құжат пен фотосуреттер талап етілмейді. Абитурентт сайтқа кіріп, кез келген тестілеу пунктін, ҰБТ тапсыру күні мен өзіне ыңғайлы уақытты таңдайды.

## ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ

## БЕЙЖІҢ



Бейжіңде алғашқы интернет-емхана ашылды. Бейжіңдегі ең танымал емханалардың бірі Шиехи емханасының жанынан ашылған бұл емдеу орны Қытай астанасындағы алғашқы интернет-емхана саналады. Аталған емхана күнделікті тұрмыста ұдайы кездесетін сырқаттарға, созылмалы ауруы бар науқастарға қызмет көрсетеді. Емхана онлайн кеңес береді, онлайн диагноз қояды, рецепт жазып береді. Онлайн төлем жасауға қолайлы мүмкіндік те жасалған. Бұл әдіс қала тұрғындарының уақытын үнемдеп қана қоймай, жұқпалы індеттің алдын алуға септігін тигізеді дейді мамандар.



## КАИР

Үкіметі 3 сәуір кеште Каирде үлкен шеру мен патшайымдардың 22 мумиясын Египет Ұлттық музейінен Египеттің Ұлттық өркениет музейіне көшірді.

Мумияларды көшірудегі мақсат – жаңа ашылған музейдің салтанатын асырып, індет себебінен тұралап қалған туризмді қайта жандандыру. Пандемиядан қатты зардап шеккен Египет өткен жылы наурыз айынан бастап туризмнен кіретін кірістен ай сайын 1 миллиард доллардан жоғалтып отырған. Жағдайды оңау үшін Египет билігі өткен жылы қыркүйекте туристерге шекарасын ашқан еді. Алайда бір айда небәрі 12 шетелдік турист қана қабылдаған.



## АҚЫЛЫ ЖОЛДАРДА ЖЕҢІЛДІК БАР МА?

Ақылы жолдармен жеңілдікпен жүретіндердің қатарына ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғалар қосылуы мүмкін.



ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ақылы жол учаскелерінде жеңілдікпен жүруге түзетулер енгізуді көздейтін заң жобасына бастамашы болды. Құжат жеңілдік берілген адамдар тізімін ұлғайтуды көздейді.

Осылайша, республикалық маңызы бар жолдардағы ақылы учаскелермен жеңілдікпен жүретіндердің қатарына ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды қосу көзделуде. Қазір заң жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінде қарастырылып жатыр.

Бүгінде ақылы жолға іргелес елді мекендерде тұратын пайдаланушылардың бір ауданның шегіне өту үшін 1000 теңгені құрайтын жылдық тарифты қолдануға мүмкіндігі бар. Жолаушыларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын автобустар, ақылы жолға іргелес аудандардағы автобустар, жедел медициналық көмек қызметтері, өрт сөндіру және төтенше жағдайлар қызметтері, патрульдік полиция мен әскери техникалар тарифтерден босатылған.

Биыл елімізде ұзындығы 5,8 мың шақырым жолды ақылы ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

## ТӘРТІП САҚТАЛМАСА, ІНДЕТ ТОҚТАМАЙДЫ

Каратиндік шектеулерді бұзушылықтарды анықтау және оларға жол бермеу жөніндегі мобильді топтар күшейтілген режимде жұмысын жалғастыруда. Елордада ескертулерге қарамастан кәсіпкерлік субъектілерінің карантин режимін бұзуы күн сайын тіркеледі.

2021 жылдың басынан бастап аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармалары шектеу және карантин шараларын бұзғаны үшін жалпы сомасы 87 207 029 теңгеге 383 жеке, заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартты. Әкімшілік жауапкершілікке бірнеше рет тартылғанына қарамастан тиісті талаптарды елемеген және орындамаған 47 кәсіпкерлік субъектісіне қатысты Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 52 материал жіберілді. Сот барлығы 28 нысанның қызметін тоқтатты және 5 954 770 теңге сомасына әкімшілік айыппұл салды.

Өткен тәулікте мобильді топтар қалада карантинді бұзған 3 кәсіпкерлік субъектісін анықтады. Сонымен, Есіл ауданында орналасқан «Панаехали» бары демалыс күндері

жұмыс істеуіне тыйым салынғанына қарамастан келушілерді қабылдағаны анықталды. Карантин режимін Алматы ауданындағы «Fantasy» компьютерлік клубы мен Сарыарқа ауданындағы «Беницкий» бары да бұзды.

Еске сала кетейік, елорда 10 наурыздан бастап эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша «қызыл» аймақта орналасқан. Дәрігерлер қаладағы коронавирус бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақсыз болып отырғанын атап өтті. Осыған байланысты қала тұрғындары мен қонақтарына, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілеріне карантин режимін қатаң сақтау талап етіледі. Сол сияқты адам көп жиналатын орындардан аулақ аулақ болып, маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтаңыз.



## БАҒЫТ УАҚЫТША ӨЗГЕРЕДІ

№24 және 31 автобустың қозғалыс бағыты уақытша өзгереді. Бұл туралы «City Transportation Systems» ЖШС баспасөз қызметі хабарлады.

«Жол жабыны қалпына келтірілгенге дейін, №24, 31 бағдарлары «Бастау» ТК» аялдамасына дейін уақытша жүрмейді. Қордай көшесінен Р.Қошқарбаев даңғылына оңға бұрылып жүреді» деп көрсетті мекеменің баспасөз қызметі.

## ДАУЫС БЕРУ БАСТАЛДЫ

«Бюджетке қатысу» жобасы аясында Сарыарқа ауданында аулаларды абаттандыруға дауыс беру басталды.



Аудан әкімдігі 8 ақпаннан 8 наурызға дейін өтінімдер қабылдады. Осы аралықта 38 мекенжай бойынша 45 өтінім келіп түсті. Биыл бұл ауданда аталған жоба шеңберінде 10 ауланы абаттандыру жоспарланып отыр.

«Дауыс беру Сарыарқа ауданы әкімдігінің ресми сайтындағы <https://saryarqa.astana.kz/tu/> «Бюджетке қатысу» бөлімінде жүзеге асырылады. 15-19 сәуір күндері дауыс берудің қорытындысы жасалып, 1 мамырдан бастап жобаларды іске асыру жұмыстары басталмақ.

## КӨЛІКТЕРГЕ ДЕЗИНФЕКЦИЯ ЖАСАЛДЫ

Елордада қоғамдық көлік жүргізушілері күн сайын өз ауысымынан кейін автобусына дезинфекция жасайды. Тұтқалар мен орындықтар, есіктер, валидаторлар және жолаушылар ұстайтын жерлер сүртіледі. Вирустың таралуының алдын алу үшін автобус салоны желдетіледі.



Ал жексенбі күні қоғамдық көліктің жұмысы тоқтатылады. Автобустар мен автопарктерде арнайы залалсыздандыратын ерітіндімен ауқымды дезинфекциялық жұмыстар жүргізіледі. «Күн сайын өз ауысымынан кейін әр автобус кәсіпорын аумағындағы жуу орнына кіргізіледі. Қазіргі уақытта көлік жулатын екі орын бар. Алдымен сырты жуылады, содан кейін барып автобус іші дезинфекцияланады. Дезинфекция күн сайын түрлі ерітінділер қосылып жасалады. Бұл ерітінді ем-

ханаларда, ауруханаларда, мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде, сол сияқты қоғамдық көліктерде қолданылады» дейді №1 автобус паркінің бас инженері Бауытжан Тілеуберген. Тұрғындарды коронавирустан сақтау үшін автобус салондарында антисептиктер орнатылған. Көлік жүргізушілері мен қызметкерлері жеке қорғаныс құралдарын тағып жүреді.

Еске сала кетейік, елордадағы қоғамдық көлікте жолаушылар міндетті түрде бетперде тағуы керек.

## ЭЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

Елорда төңірегіндегі елді мекендер таза ауысумен қашан толық қамтылады?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Елордада 16 елді мекен бар. Олардың ауысу, кәріз, жарықтандыру, жолдар салу және т.б. мәселелерін шешудің басты жоспары жасалған. Бірінші кезекте жарықтандыру, аялдамалар орнату, автобус маршруттарының қосымша санын іске қосудан бастаймыз. Сондай-ақ Тұрғындарға орталықтандырылған ауысу берілмегенін ескере отырып, біз магистральды су құбырының құрылысын бастадық. Магистральды су

құбыры аяқталғаннан кейін кварталішілік желілерді үйлерге өткізуге кірісіміз. Бұл жұмыстарды 2021 жылы аяқтауды жоспарлап отырмыз. Жолдарды асфальттауға кіріспес бұрын кәріз және газдандыру жұмыстарын аяқтаймыз. Қазір магистральды су құбыры құрылысы басталды. Тұрғын үй алаптарын дамыту мәселесі – Мемлекет басшының бақылауында. Сондықтан, елді мекендерді абаттандыру және ауысумен қамту жұмысы биылғы жылы қарқынды жүреді.

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Еркежан АЙМАҒАМБЕТ, елорда тұрғыны:

– Мен вакцина салдыру үшін өзім тіркеулі емханаға өтініш жазып қойған едім. Бірақ әлі күнге дейін хабар жоқ. Білейін дегенім, елордада тұрғындарды жаппай вакциналау қашан басталады?

Бұл сауалға Нұр-Сұлтан қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратовтың жауабын ұсынамыз:

– Нұр-Сұлтан тұрғындарын жаппай вакциналау сәуір айының екінші жартысында басталады. Қазіргі уақытта халықтың декреттелген тобы еке алып жатыр: дәрігерлер, педагогтар, шұғыл қызметтер, әлеуметтік мекемелердің контин-

генті. Сонымен бірге біз созылмалы аурулары бар адамдарды вакциналауды бастадық. Осы тұста түсініспеушілік туындап, тұтас халықты вакциналау басталып кетті деп ойлайтындар бар екен. Иә, біздің кейбір емханаларымыз вакциналауды бастады, бірақ бұл созылмалы аурулары бар адамдар ғана үшін, біз мұны ескеріп, оларды бірінші вакциналауға тырысамыз. Вакцинациялау тегін жүргізіледі.



## АСТАНАНЫҢ АУДАНЫ

Байқоңыр ауданына 3-15 сәуір аралығында су тасқынына қарсы іс-шаралардың кешенді жоспарын іске асыру мақсатында аудан әкімі аппараты мен арнаулы штаб жұмылдырылды.



Қазір бұл ауданда көктемгі тасқын суларды өткізу бойынша жоспар бекітіліп, арық-науа желілері мен нөсер-кәріз жүйесін тазарту бойынша және аудан көшелерінен еріген суды сору жұмыстары жүргізілуде. Коммуналдық қызметтер кү-

шейтілген режимге көшті. Осыған байланысты, су тасқынына қарсы іс-шаралар бойынша Аппараттың жауапты тұлғаларының байланыс нөмірлерін жариялап, тасқыннан сақтандырудың қауырт дайындығына көшті.

Беттерді дайындаған Темірхан РАХМЕТУЛЛИН

### ТОКИО

Токио – әлемдегі ірі мегаполистің бірі. Қала аумағы 2155 км<sup>2</sup> қамтуымен әлемдегі ең үлкен астана саналады. Егер Нью-Йорктің өзі дүние жүзіндегі ірі қалалардың санатына жатса, ал Токио Нью-Йорктің үш есеге жуық үлкен. Сонымен бірге Токио – екі Қазақстанның халқын сыйдырып отырған әлемдегі тұрғыны ең көп қала.

Ал адам саны ең аз астана ол – Ватикан. Италия территориясының аумағында «мемлекет ішіндегі мемлекет» сипатына ие Ватиканда 830 адам өмір сүреді. Соған қарамастан темір жолы, пошта маркасы, тәулік бойы 36 тілде хабар тарататын халықаралық радиостанциясы бар. Әлемнің 120 елімен дипломатиялық байланыс орнатқан.



### ҰЛАН-БАТЫР

Әлемдегі ең суық астана – Моңғолия астанасы Ұлан-батыр. Мұнда қыстың ең суық күндері сынап бағанасы -50<sup>0</sup> көрсетеді, сөйтіп ол ең суық астаналардың көшін бастап тұр. Алты ай бойы суық кетпейтін Ұлан-батыр климаты құрлықтық климатқа жатады. Дәл осы бап бойынша Қазақстанның астанасы да қалысар емес. Еліміз әлемдегі ең үлкен ішкі құрлықтық мемлекет болғандықтан, қысы қатты суық типке жатады. Сондықтан әлемдегі ең суық астаналар категориясына Ұлан-батыр мен Астананы қоса атауға болады.

№39 (4163) 06/04/2021 Сейсенбі

## ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ҚАТЫСТЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК?

Биылғы жылыту маусымы аяқталуға жақын. Бірақ маусым аяқталды екен деп жайбарақат отыруға болмайды. Келесі жылыту маусымына дайындыққа бірден кірісу керек. Оның үстіне елімізде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын реформалау жүргізіліп жатыр. Соның ішінде аталмыш саланы басқару формасы пәтер иелері кооперативінен (ПИК) мүлік иелері бірлестігіне (МИБ) ауысып жатыр. Таяуда Нұр-Сұлтан қаласын дамыту акселераторы аясында онлайн форматта осы мәселеге арналған «дөңгелек үстел» мәжілісі өтті. Аталмыш шараны IQamal орталығы МИБ және ТКШ-ны басқарудың өзге формаларына жататын ұйымдар басшылары үшін арнайы ұйымдастырды.



amangali.kalzhan@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

### ТАРИФ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ӨЗГЕРМЕЙДІ

«Астана-Теплотранзит» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Тәнеке ПИК-тен МИБ-ке өту үдерісі келесі жылыту маусымына еш әсерін тигізбейтінін айтады.

– Белгілі бір үйдің жылыту маусымына дайындығы паспорттың тиісті маусымның басында береміз. Бұл құжат екі данамен дайындалады. Оның біреуі үйді басқарушы ұйымда, екіншісі бізде болады. Егер ПИК МИБ-ке бұл құжатты бермесе, біздің осы құжаттың көшірмесін жаңа ұйымға бере аламыз, – дейді ол.

Оның айтуынша, жылу тарифі 2025 жылға дейін өзгермейді. Себебі қазіргі тариф бұлтыр ғана бес жылдық мерзімге бекітілді. «Егер түбіртекте төлем әдеттегіден көптеу көрсетілсе, бұл күннің қатты суытуына орай қуаттың артуына немесе

сараланған тарифке байланысты ғана болады. Яғни, төлем үйдің жертелесіндегі есептеу құралына сәйкес алынады» дейді Н.Тәнеке.

### ЕСЕПТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ – БАСҚАРУШЫ ҰЙЫМНЫҢ МЕНШІГІ

Жыын барысында қаланың белсенді тұрғындары, ПИК және МИБ басшылары «Астана-Теплотранзит» мамандарына өздерін мазалайтын сұрақтарды қойды.

– Құрылыс салушы инженерлік желілерді балансымызға бермей жатыр. Мұндай проблема бізде ғана емес, қала бойынша көп жерде бар деп ойлаймын. Үйіміздің жылуын сыртқы желілерінің жалпы ұзындығы 1 шақырымнан асады. Желілер балансымызда болмағандықтан, келесі жылыту маусымына дайындыққа менің есептеуімше,

10 миллион теңгеге дейін жұмсауымыз мүмкін. Ал үйдің бюджеті – 400 мың теңге. Бұл жағдайда не істеу керек? – деді Есіл ауданының тұрғыны Гуля Әбдірова.

Нұржан Тәнеке құрылыс салушы желілерді үйдің балансына беруден бас тартып отырса, бұл мәселені сот тәртібімен шешу керектігін айтты. Өз тарапынан «Астана-Теплотранзит» проблеманы шешуге көмектесетінін жеткізді.

Қарталы, 18/1 мекенжайындағы «Формула успеха» мүлік иелері бірлестігінің төрайымы Тоғжан Шахова есептеу құралдарына қатысты сұрақ қойды. Н.Тәнекенің айтуынша, бұл құралдар МИБ балансында болуы керек. «Жертелдегі жылу жүйесіне жататын құралдардың барлығы тұрғын үйге жауапты ұйымның меншігі» деді ол мән-жайды түсіндіріп.

– Біз мүлік иелері бірлестігінің өткен жылдың 29 қыркүйегінде құрдық. Оған дейінгі басқарушы ұйым үйімізді жылға қосты. Бірақ жылуды есептеу құралдарын бізге берген жоқ. Жақында бұл құралдар



«Астана-Теплотранзит» балансында екенін білдім. Мұны маған кәсіпорын инженері айтып, Наурыз мерекесінен кейін тапсыру-қабылдау актісін әзірлеймін деп уәде берді. Бір есептеу құралы жұмыс істемейтіні анықталды. Сондықтан осы құралды қабылдай алмаймын. Бұрынғы ПИК-тің балансында да есептеу құралдары болмаған екен. Енді не істеуге кеңес бересіздер? – деді Т.Шахова.

Н.Тәнекенің мәлімдеуінше, бұл да қалада бар проблема. Өз кезінде «Астана-Теплотранзит» компаниясы есептеу құралдарын өз есебінен орнатқан. Кейін барып ПИК балансына берген. Кейбір ПИК-тер балансына алмаған болып шықты. Бұл мәселені кәсіпорын «Формула успеха» мүлік иелері бірлестігімен бірге қарастыратын болды.

### ДАЙЫНДЫҚ ПАСПОРТЫ – ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ

Байқоңыр ауданы аумағындағы Кенесары көшесі, 70А мекенжайындағы «Қыпшақ» көпәтерлі тұрғын үй кешенінің тұрғыны Эльвира Николаенко үш ай бойы ыстық су тарифі текше метріне 170 теңгеден келіп жатқанын айта келе, басқа үйлермен салыстырғанда бұл көп екенін жеткізді.

– Басқа үйлер мен аудандарда ыстық су тарифі текше метріне – 146 теңге. Мән-жайды білу үшін жан-жаққа телефон шалып, нақты жауап ала алмадық. Осыны түсіндірсеніздер, – деді ол.

«Астана-Теплотранзит» маманы Абылай Бимендің тиісті төлем есептеу құралдарына сәйкес белгіленетінін айтып, бұл жағдайда әртүрлі себептер болуы

мүмкіндігін, сондықтан мәселені анықтау үшін кәсіпорынға келуді ұсынды.

IQamal орталығының басшысы Гүлвира Әбетева «Астана-Теплотранзит» кәсіпорны заман талабына сай цифрландыру бағытында қандай жұмыстарды қолға алғанын сұрады.

– Болашақта тұрғын үйдің жылыту маусымына дайындығы паспорттың электронды түрде жіберуді жоспарлап отырмыз. Осы бағытта IQala орталығымен бірге жұмыс істеп жатырмыз. Үйді қабылдау сонда жеңілдейді. ПИК немесе МИБ басшылары осы құжатты алу үшін сабылмайды. Үй тұрғындары да жағдайдан хабардар болады, – деді «Астана-Теплотранзит» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Тәнеке.



## ҚҰРТТАН ЧУПА-ЧУПС ПЕН ТИК-ТАК ЖАСАЙДЫ

Байқайсыз ба, дүкен сөрелерінде химиялық қоспадан тұратын қаншама өнім қаптап тұр. Кішкентайыңызға қайсысын алып бересіз? Сіздің де таңдауыңыз танымалына түсе ме? Олардың басым бөлігі – импорт, қай елде қалай өндірілгені белгісіз. Кейбірінің қағазында жарамдылық мерзімі де жазылмайды. Чипсы, чупа-чупс пен Қытайдан келетін атауы да белгісіз кәмпиттердің зиянын білсек те сатып алып жүрміз. Неге? Себебі оның жанында тұрған құрт балаларды қызықтырмайды. Жоқ дегенде 5 теңгелік сағыздай жылтыр қаптамасы болса ғой. Ал қолдан емес, құрылғыдан шыққандарының дәмі бөлек. Сапасына емес, санына мән беретін кәсіпкерлер оның құрамына ұн қосып, ұлттық тағамның «оригиналын да» ұмыттырып барады.

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

### ОТАНДЫҚ ӨНІМНІҢ ТҰСАУЫН КЕСТІ

Жақында «Asyl Tas Holding» компаниясы отандық өнімнің тұсауын кесті. Ол – өзіміздің майлы құрт. Бұдан былай балаңызға таяқшаға шаншыған құртты алып берсеңіз болады.

– Бұлай шығарудағы бірінші мақсат – балаларды қызықтыру. Дүкендегі тәттілердің бәріне химиялық қоспа қосылады. Өкінішке қарай, оның орнына балама жоқ. Міне, біз осы өнім арқылы сол тәттілердің орнын бассақ дейміз. Екінші, таяқшамен үлкен адамдар жесе де ыңғайлы. Ата-бабамыздың ұлттық дәмін жаңа заманға сай жаңғыртып, креативті форматта ойлап шығардық, – дейді кәсіпорын директоры, белгілі актер Рахман Омаров.

Құрт екі түрлі қорапта шығады. Біреуінің сыртында «асыл тасымыздың» қасиеті жайында үш тілде ақпарат бар. Екіншісінде Абайдың «Жетінші қара сөзі» үш тілде жазылған.

– Ашаршылық, зұлмат жылда-

рында халыққа талғажау болған тағамның қадірін жете түсініп жүрміз бе? Бүгінде нарықта құрттың түр-түрі бар. Тағамға, дәміне қарап таңдай бер. Бірақ нағыз табиғи дәмі бар құртты аңсайсыз ба? Өз басым шетелге «мынау қазақтың дәмі» деп құрт апарғым келеді. Осы ретте серіктестеріммен бірігіп, «Asyl Tas Holding» өндіріс компаниясын ашуды жөн көрдік. «Asyl Tas Holding» табиғи таза, ешбір қоспасыз, сертифицирталған, патенттелген әрі формасы ересектерді де, балаларды да қызықтыратын жаңа құрт түрін ұсынады. Сонымен қатар шетелге шыққанда қазақ халқының атынан базарлық ретінде ұсынатын құрт түрін шығардық. Мұнда хакім Абайдың адамзатқа қатысты айтқан қара сөзі, құрттың қазақ тарихындағы маңызы да жазылған. Шетелдік достарыңыз, әріптес, серіктестер қазақтың дәмін татып, тарихымен осылайша таныса алады. Ұлттық өнімді қайта жаңғыртып, ұлттық брендті насихаттау – әрбіріміздің қолымызда. Құрт – біздің асыл тасымыз. Ұлттық өнім шетелдік өнімнен кем түспейтінін дәлелдегіміз келді, – дейді ол.

Белгілі актер Досқан Жолжақсынов ұлттық өнімнің атауында да үлкен мән барын айтады. «Қазақ жаугершілік заманда

малта сорып, аш өзегін жалғаған. Әрі тамақ әрі қуат болатын бұл өнім талайды аштан да алып қалды. Енді оны өз өнімдіміз ретінде шығару – үлкен еңбек. Сондықтан құртты «асыл тас» деп атау бекер емес» деді ол.

### ҚҰРҒАҚ АЗЫҚ ҚҰНАРЫ

«Жаңауымыз, туған-туыстарымызбен бірге індет келгелі құрт жеп, қымыз іштік. Шүкір, ауру-сырқаудан аманбыз. Құрттың әлі зерттелмеген қаншама пайдасы бар. Сондықтан індетпен күресте құрттың пайдасы тигенін мойындауымыз керек» дейді компания басшысы.

Арнайы зауытта дайындалған сүзбеде ақуыз мөлшері 16 пайыз болса, құрттағы ақуыз мөлшері өте бай – 53 пайызды құрайды. 100 грамм сүзбенің қуаты 227 кк болса, құрттың – 370,1. Жүз грамм құртта 3 граммға жуық ақуыз, 3,2 грамм кальций мен фосфор қосындылары, белгілі мөлшерде А1, В2, Д дәрумендері бар екен. Сонымен қатар С, РР, Е дәрумендері, мырыш, күміс, темір, кремний, магний, натрий, алюминий, фосфор микроэлементтері көп. Зат алмасуды және бауырдың қызметін жақсартатын холин және метионин деген заттар бар. Сондай-ақ В тобының дәрумендері болғандықтан,

атеросклероз ауруының алдын алады. Ал құрамындағы кальций балалардың тісіне, сүйектерінің берік болуына көмектеседі.

Пайдасы бары бар ғой, ал сапасы ше? Бүгінгі саудагерлер құрттың саны мен салмағын арттыру үшін әк, ал тез кебуі үшін аздап азбест те қосады-мыс. Бұл қаншалықты шындық?! Ал ұлттық асты патенттеп алған асылтастық құрт құрамында не бар? Өндіру технологиясы қалай?

– Құртты әзірлеу техникасын зерттеуге 2 жыл уақыт кетті. Сырт көзге құрт жасаудан оңайы жоқ сияқты көрінеді. Шындығында олай емес екен. Елімізде әр жерді әзірлеу техникасы әрқалай. Сондықтан еліміздің әр облысына баруға тура келді. Қырғыздардың да құрттарын алып көрдік. Әрқайсысын зертханаға апарып, құрамын тексерттік. Көзіміздің жеткені, базарда сатылатын құрттардың 90 пайызында қоспа қосылған екен. Құрамында ұн немесе химиялық әк бар. Белгілі құрт шығаратын кәсіпорындарда да құртқа ұн қосады. Себебі онсыз құрылғысы істемейді.

Біз де осы істі қолға алғанда құрт жасайық деп құрылғылар сатып алдық. Ал енді құртты қалыпқа салып жасау үшін ұн қосу керек екен. Себебі ұн қосқанда құрт қатты әрі пішіні де жұп-жұмыр келеді. Супермаркеттерді де аралап, сатылымда жүрген құрттарды зерттедік. Ұлттық құндылығымыздың қадірі, сапасының төмендеп кеткеніне көзіміз жетті. Алғаш құрт жасайтын құрылғыларымызды қозғалтқан да жоқпыз. Біз Қаскелең өңіріндегі тау етегіне жайғасқан тұрғындарды жұмыспен қамтуды жөн көрдік. Ауыл адамдары барлығын қолмен әдемілеп жасайды, – дейді ол.

Ашылғанына бір ай болған кәсіпорында күніне 5000-10000 дана құрт әзірленеді. Оны дайындайтын 20 маман бар. Іске кіріскені кеше болса да, сапалы өнімге тапсырыс берушілер көп екен. Сондықтан қызметкерлердің санын 40-тан асыру көзделген. Карантин талаптары жеңілдеп жатса, өнеркәсіпті ұлғай-

тып, бүтін бір ауылдың жұмыспен қамтылуын мақсат еткен.

### ҚҰРТ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛДЫ

Келесі жыл кәсіпорынның құжаттарын рәсімдеуге, құртты патенттеуге кетіпті.

«Патент алу министрліктің келісімімен шешіледі екен. Әйтпесе екінші бірі өзіне патент алып, иеленіп алмай ма?! Бір жылдың ішінде біраз жерге дейін бардық, біраз жұмыс істеді. Ең бастысы, құртты бізден енді ешкім тартып ала алмайды. Мақтаншыпен құрт елімізде қалды деп айта аламыз. Өнімдеріміздің де сапалы екенін мақтаншыпен айта аламыз. Ауыл-аймақтарда өздерінің абыройы үшін сапалы өнім шығаруды көздейтіндер бар. Бірақ оңдай құрт өндірушілер санаулы әрі ірі көлемді емес. Келесі – эстетикалық жағына мән бермейді. Асылтастықтар өнім қорабының сыртқы дизайнына аса қатты мән берген.

«Оның қорабы қандай болуы керек, көзартарлық болуы тиіс ғой. Оны ойластыруға жарты жылқымызды арнадық. Әртүрлі идеялардан жасалғаны, жеті рет өлшеп, бір рет кесілген дизайн – осы. Кішкентай балалардың сүйікті тәттісі чупа-чупс пен тик-так сияқты құрт жасалдық. Себебі оны қазіргі балалардан бұрын өзіміз де сол тәттілермен өстік» деді ол.

### ТЕК ТАТ ПЕН ҚЫРТ-ҚҰРТ

Чипсы балалардың ең сүйікті әрі ең зиянды тағам түрі екенін ескеріп, құрттан чипсы жасаған. Ерекше өнім «Қырт-құрт» деп аталады. Сонымен қатар тик-так тәттілері сияқты «Тек тат» құрттарын өндіреді. Бұлардың ешбірінде химиялық қоспалар жоқ. «Ғалымдардың айтуынша, күніне бала 5 дана құрт жеуі керек екен. Біздің құрттарда майы алынбайды, сол күйінде нағыз қазақтың баяғы құрттарын қайта шығарып отырмыз. Түпкі мақсатымыз – экспортқа шығару. Өз қазанымызда өзіміз

қайнай береміз ғой, десе де ұлттық өнімдімізді шетелге шығаруды да назарға алуымыз қажет. Әр елде өкілетті елшілеріміз бар. Соларға тарату жоспарда бар. Олар да жергілікті елдердің басшылары келген кезде ұялмай ұлттық өнімді тарту ете алады» дейді Р.Омар.

### БРЕНДТІ ӨНІМНІҢ БАҒАСЫ ҚАНДАЙ?

Асыл тас құрттың данасын дүкендерден 100 теңгеге аламыз. Ал химиялық қоспалардан тұратын чупа-чупстар бағасы 75 теңгеден басталып, 150 теңгеге дейін барады. Баласы алып бер десе, көңілің қалдырмайтын ата-ана бағасына да қарамай сұрағанын сатып алады. Алайда кімге зиян, баланың денсаулығына кері әсер етеді. Соның орнына 100 теңгеге ауылдың нағыз қолдан жасалған майлы құртты алып берсеңіз, табиғи өнім болғандықтан пайдасы болмаса, зияны жоқ.

«Құрттан байып кетеміз деп айта алмаймын. Бағасы базардағы, дүкенде данасын 50-75 теңгеге алып жүргеннен қымбаттау. Брендке айналдыру мақсатында шығарғандықтан әрі сапаға мән бергендіктен, баға да соған лайық болды. Сары қорапта 50 дана құрт болады, бағасы – 4250 теңге. Бізде екі есе қымбат болса да, қай жағынан алып қарасаңыз да жоғары деңгейде. Әйтпесе жұқа қорапшаға баланың суретін салып, ұлттық бренд деп ақша үшін шығара беруге болады. Бірақ ол кезде ісімізге сын болар еді. Ал қара қорапта 13 дана құрт бар, бағасы 2200 теңгеден сатылады» деді Рахман мырза.

Қазіргі уақытта кәсіпорында күніне 10 мың дана құрт өндіріледі. Алдағы уақытта мамандарды көптеп тартып, кәсіпорынды көбейту де жоспарда тұр. Алдағы 6 айда күніне 20 мың дана құрт шығаруға дейін жеткізуді мақсат етіп отыр.

«Асыл тас» құрттарын еліміздің барлық қалаларынан табуға болады. Байланыс деректері: @asyl\_tas\_holding, 8-705-660-40-08.



Түпкі мақсатымыз – бірегей өнімді экспортқа шығару. Өз қазанымызда өзіміз қайнай береміз ғой, десе де ұлттық өнімдімізді шетелге шығаруды да назарға алуымыз қажет. Әр елде өкілетті елшілеріміз бар. Соларға тарату жоспарда бар

# ӘЛЕМДЕ ЕКПЕ САЛУ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Калифорния университеті ветеринарлық медицина мектебі ғалымдарының айтуынша, коронавирустың жаңа сипатпен түрленуі тоқтамайынша, індеттің де жаңа толқындары пайда бола береді. Былтыр наурыздан бергі вирустың Азия елдерінде таралған штамдары бойынша деректерін патогеннің генетикалық өзгеру метрикасы арқылы біріктірген олар соның нәтижесінде SARS-CoV-2 инфекциясының тұрақты мутацияға түсетін 15 түрі бар екендігін анықтады. Жаңа штамдар өте тез дамып, жылдам таралады. Жаңасы мен бұрынғысын қосқанда жалпы КВИ-ді әлемде жұқтырғандар саны бүгінде 131 миллионнан асты. Сондықтан індетті қалай да тоқтату үшін әлем халқы вирусқа қарсы жаппай екпе салдыруды жылдамдата түсті.



## ӨЗБЕКТЕР ЛОҚДАУНСЫЗ, ТӨРТІП ПЕН ЖЕҢБЕК

33,58 млн халқы бар Өзбекстанда індет басталғалы 83 435 адам дерт жұқтырып, 630 адам вирустан көз жұмды. 1 сәуірде елдің Президенті Шавкат Мирзиёев соңғы кездері дертке шалдыққандардың көбеюіне байланысты үкіметке өңірлердегі карантин шараларын сақтауды қадағалау бойынша жедел штаб жұмысын күшейтуді тапсырды. Мемлекет басшысының айтуынша, Өзбекстанда биыл қаңтар-ақпан айларында күніне 30-40 жағдайдан тіркелсе, бұл көрсеткіш наурыздың аяғында 160-180-ге жеткен. Мұның себебін ол ел азаматтарының бұрынғы жайбарақат өмірге қайта көшіп, карантин талаптарына неқұрайды қарауымен байланыстырды. 2 сәуірде ел басшылары жағдай нашарласа да локдаун енгізбейміз деп шешім қабылдады. «Еуропа елдері қайтадан локдаун енгізіп жатыр. Көршілеріміздің де жағдайы маз емес. Біз экономикалық тұрғыда алдымызға өте үлкен мақсаттар қойдық. Егер локдаунға жабылсақ, діндеген межеге жете алмаймыз. Ештеңені де жаппаймыз, ессені төртіпті күшейтеміз» деді Ш.Мирзиёев. Вакцина жадына келсек, өзбектер қытайлармен бірлесіп ZF-UZ-VAC2001 деген вакцина жасады. Ол бүгінгі таңда үшінші сынақ кезеңінен өткізіліп жатыр. Оған ерікті

түрде елдің 7 мыңға жуық адамы қатысып, екпе салдырған. Денсаулық сақтау министрлігі бұл екпе тек коронавирустан ғана емес, оның барлық жаңа штамдарынан да сақтайды деп сенім білдіріп отыр. Соған қоса өзбектер наурыздан бастап шведтік-британдық AstraZeneca компаниясының да препаратын алдырған. Енді ел билігі Ресей вакцинасын да алуға ниетті. Елде жаппай вакцинация 1 сәуірде басталды. Алғашқы күннен бастап ерікті түрде екпе салдыруға 5 018 келген. Оларға таңдауына қарай AstraZeneca және ZF-UZ-VAC2001 екпелері тегін салынған.

## РЕСЕЙЛІКТЕР ЕКПЕ АЛУҒА НЕГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ?

Алып федерацияның 146 млн халқының 4,5 млн-ы былтырдан бері вирус жұқтырып, 3 сәуірде коронавирустан көз жұмғандар саны 225 мыңнан асты. Елдегі ұлттық статистикалық агенттігінің бұл дерегіне сәйкес осы көрсеткіш бойынша Ресей әлемде үшінші орынға көтерілді. Бірінші, екінші орындарда вирусты жеңе алмай қайтыс болған азаматтары көп АҚШ пен Бразилия тұр.

Елде жаппай вакцинация былтыр 18 желтоқсан басталғанмен тәуекел тобына жататын азаматтарға екпе алу 5 желтоқсаннан бері

мүмкін болды. Ресейдің ірі медиахолдингі - РБК екпе науқаны туралы деректерді жинай келе, содан бері коронавирустан қарсы вакцинаның бір компонентін болса да алған ресейліктер саны 7 млн-ға жетті деп ақпарат таратты. Ең көп екпе алған өңірлердің көшбасында Чукотка мен Ненецк автономды округі тұр. Олардан кейінгі орындарда Мәскеу қаласы, Сахалин, Белгород, Магадан және Мәскеу облыстары жайғасқан. Ал Солтүстік Кавказ республикалары: Кабардино-Балқария мен Шешенстан, Дағыстанның вакцина алғандар көрсеткішіндегі үлесі ең төмен. Ресей коронавируспен күресте жоғары тиімділігін дәлелдеген вакциналар шығарушы аз елдердің бірі болса да, бұл елдің өз азаматтары оны салдыруға аса құлықты емес. Өткен аптада елдің жалпы халқының тек 5 пайыздан төмен бөлігі ғана екпе алғаны айтылды. 23 наурызда халқына үлгі көрсетіп ел Президенті В.Путин екпе салдыра отырып, Ресейде шығарылған отандық 3 вакцинаның да тиімділігі жоғары екенін мәлімдеді. Әлемде осы вирусқа қарсы екпе ретінде ең алғаш тіркелген «Спутник V» вакцинасын бүгінде 58 ел пайдалануға шешім қабылдады. Биыл 20 қаңтарда Денсаулық сақтау министрлігі басшылары елде ұжымдық иммунитетті қа-

лыптастыру үшін жарты жыл ішінде ересек адамдардың 60 пайызын вакцинациялау керек деген болатын. Ал бұл 68-69 млн ресейлік екпе салдыру керек деген сөз.

## ЖАПОНИЯ ҚАТАҢ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАДЫ

Ел үкіметі Осака, Хиого және Мияги префектураларында инфекцияның күрт өршуіне байланысты коронавирусқа қарсы қатаң шаралар қолдану туралы шешім қабылдады. Мәселен, Осакада бейсенбіде індетке шалдығудың 616 жаңа жағдайы анықталған. Бұл – екі айдан астам уақыт ішіндегі ең жоғары көрсеткіш. Тіпті Токиодағы көрсеткіштен де асып түсті, мұнда 475 жағдай анықталды. 5 сәуірден бастап бір ай ішінде күшіне енетін бұл шаралардың ішінде жұмыс уақытын қысқарту туралы ұйғарымдарды елементің қоғамдық тамақтану орындарына айыппұл салу көзделген. Мейрамханалар мен барлар сағат 20:00-ге дейін жабылады және оны сақтамағаны үшін 200 000 иен (1800 доллар) айыппұл салынуы мүмкін. «Бұл шаралар коронавирустың таралуын тоқтату және тағы бір төтенше жағдай енгізу қажеттілігін болдырмау үшін қажет» деп мәлімдеді премьер-министр Есихиде Суга. Жапонияда вакцинация ақпанның ортасында бастал-

ды. Бастапқы кезеңінде 40 мың медицина қызметкері егіледі деп жоспарланды. Былтыр бұл ел AstraZeneca, Moderna және Pfizer екпелерінің 310 млн дозасына тапсырыс берген болатын.

## ҮНДІСТАНДА ІНДЕТ ҮДЕДІ

Елдегі COVID-19 жұқтырудың күнделікті көрсеткіші дүйсенбі күні 103 558 адамға өсті. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, бұл – осы уақытқа дейінгі тәулік ішіндегі ең үлкен өсім. Нәтижесінде жұқтырғандардың жалпы саны 12,59 млн-ға жеткен. Бүкіл әлем үшін вакцина жасаудан даңқы шыққан Үндістан коронавирусқа қарсы жаппай вакцинацияны биыл 16 қаңтарда бастады. Жалпы үнділердің шешек пен полиомиелитке қарсы жаппай вакцина жасауда тәжірибесі мол. 1,3 млрд халқы бар елді иммундау оңай шаруа емес. Бастапқы кезеңде елде екі вакцина - AstraZeneca және өздерінің Covaxin екпесі 30 млн адамға салынады. Екпе науқаны басталмас бұрын Үндістан Үкіметі халықты вакцина туралы жалған ақпараттарға құлақ аспауға шақырды. «Біздің екпе өндірушілер әлемдік деңгейде жоғары беделге ие. Әлемдегі балалардың премьер-министр Есихиде Суга. Жапонияда вакцинация ақпанның ортасында бастал-

Қазақстанда сәуірдің екінші жартысында COVID-19 инфекциясына қарсы жаппай вакцина салу басталады. Осыған орай Денсаулық сақтау министрлігінің қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы берген мәліметтерді ұсынамыз.

## СӘУІРДЕГІ ЕКПЕГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?

1. Вакцина салғызушы өз статусын анықтауы керек. Ең алдымен сіз арнайы қауіп-қатер топтарына жатпайтын адам болсаңыз, өзіңіздің уәкелілік дәрігеріңізге телефон арқылы хабарласаңыз.
2. Келісілген уақыттан кешікпеңіз. Себебі осыныша еңбекпен келген вакцинаны ысырап етуге болмайды. Тізімдегі кезеңіңіз келгенде мамандар хабарлап, екеніңіз күні мен уақытын айтады.
3. Вакцина алушыдан екпе алмас бұрын өз еркімен екпе салынып жатқаны туралы қолхат алынады. Яғни, екпе салдырушы тек бір құжатқа ғана қол қояды.
4. Маман екпе алушының амбулаториялық кітапшасына оның осы дәрігерге келген мезеттегі жағдайын түбегейлі сипаттап жазып, қажетті вакцинаның атын уақытын айтады. Қарсы көрсеткіштері жоқ екендігін негізге ала отырып, рұқсат ететіндігі туралы жазба қалдырады.
5. «Спутник V» иық бұлшық етке 2 кезеңде салынады. Бірінші және екінші кезең арасында 21 күн өтуі керек. Ал белгілі бір жағдаймен бұл уақыттан асырып алсаңыз, 60 күнге дейін уақытыңыз бар.
6. Вакцина бір реттік шприспен егіледі. Медбикенің қолында қолғап, бетінде маска болуы керек.
7. Екпеден кейін 30 минут мамандардың бақылауында болыңыз. Доза шприцке тартылғаннан кейін медбике қолына тағы бір спирттік салфетканы алып, иықтың ине салатын жерін сүртеді. Осыдан кейін екпе салынады.
8. Мамандар сізді 3 күн бойы қашықтан бақылайды. Үй жағдайында медицина қызметкерлері күніне бір рет хабарлап, жағдай сұрайды.
9. Коронавируспен ауырған адамға 6 ай бойы вакцина салуға болмайды. Яғни вирус жұқтырып ауырған адам жарты жылдан кейін ғана екпе салдыра алады.
10. Жүкті әйелдерге және жасы 18-ге толмаған адамдардың вакцина алуға мүмкіндігі жоқ. Себебі олар вакцина сынағына қатысқан еріктілер қатарына алынбаған. Зерттеу барысында оларға вакцина салынып, тексерілмеген.



## «ТЕЛЕДӘРІГЕРГЕ» ҚОСЫМША «РАДИОМЕДИЦИНА»

Қазақстанда егу де, екпе жайлы түсіндіру жұмыстары да баяу жүріп жатқаны сынға қалды. Осыған орай қолға алынып жатқан ақпараттық-түсіндіру бағытындағы жұмыстардың бірі – ДСМ мен Қазақ радиосының бірлескен жобасы – «Радиомедицина» хабарының эфирге шығуы.

Бұл хабар алдағы уақытта министрлік қызметкерлерінің қатысуымен әуе толқынына шығады. Осылайша дәрігерлер коронавируспен індетімен күрес шаралары жөнінде тыңдаушыларды, әсіресе шалғай ауыл тұрғындарын ақпаратпен қамтып, телефон арқылы олардың сұрақтарына жауап береді. «Радиомедицина» хабарының бірінші спикері – ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Ажар Гиният болды. Вице-министр жарты сағат көлемінде 1 сәуірде ҚР Президенті қатысуымен өткен коронавируспен індетіне қарсы іс-қимыл шаралары жөніндегі жиында жүктелген маңызды міндеттер жайлы ақпарат берді.

ray77781@mail.ru

Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА



## ЕУРОПАДА ЕКПІН БАЯУ

ВВС таратқан мәліметтерге сәйкес, ДДҰ Еуропа елдерінде жүргізіліп жатқан вакцинацияның қарқыны өте баяу екендігін сынға алды.


Бұл елдердегі жағдай әуелден тым нашар. Дерт жұқтырғандар саны күн сайын артып, екпе салу науқаны көп жерде кешіктіріліп жатыр. «Пандемиядан құтылар ең дұрыс жол – вакцина. Алайда екпе салу мүлдем баяу жүргізіліп отыр, бұл пандемияның бүкіл Еуропа өңірінен кетпей ұзақ тұрып алуына әкеледі» деді ДДҰ-ның Еуропа бойынша директоры Европе Ханс Клоге. Осы себепті ол мәселені шешудің барлық жолдарын қарастыруды ұсынды. Өткен аптада Гренландиядан бастап Ресейдің Қыр Шығысына дейінгі аралықтағы 50 ел кіретін ДДҰ-ның Еуропалық өңірлері елдерінде індет өрши түсті. 1,6 млн жаңа жағдай тіркеліп, 24 мыңға жуық адам көз жұмды. Осы елдердегі 900 млн адамның тек 10%-ы ғана бір реттік екпе дозасын алды.



## АҚШ-ТА ЖАҢА ПАНДЕМИЯ

Эпидемиологтар Америкада коронавирус инфекциясының төртінші толқыны басталып кетті деп дабыл қағып отыр.

Бұл соңғы айларда вирустың бірнеше түрлерінің пайда болуымен байланыстырылды. АҚШ консультативтік комитетінің коронавируспен бойынша мүшесі, эпидемиолог Майкл Остерхольм Fox News телеарнасына берген сұхбатында осылай деді. Себебі жаңа штамдардан келетін қауіп күштірек. «Мұны тіпті жаңа пандемияны бастауы десе де болады» деді ғалым. Дегенмен ол қолданыстағы вакциналар вирустың барлық жаңа штамдарына қарсы тұратынды тиімді екенін айтып елін қуантып та қойды. АҚШ халқының үштен бірі - 100 млн-нан астам адам екеніңіз кем дегенде алғашқы дозасын қабылдаған. Шамамен 58 млн адам екеніңіз екі дозасымен егілген. Елде күн сайын шамамен 3 млн адамға екпе салынады.



## ХАЛҚЫНЫҢ ЖАРТЫСЫ САЛДЫРДЫ

Израильдің денсаулық сақтау министрі Юли Эдельштейн ел халқының 50%-дан астамы екпе салдырғанын мәлімдеді.

Індетті израилдіктердің жеңіп шығарына сенім білдірген ол ел азаматтарын медицина қызметкерлері айтқан нұсқаулықтарды мұлткіз орындауға шақырды. 24 наурызда аталған министрлік «жасыл паспорты» бар адамдардың қатысуымен өтетін бұқаралық іс-шаралар үшін жаңа ережелерді жариялаған. Сол ережеге сәйкес егілмеген адамдарға ғимарат ішінде тек 20 адамнан аспаған жағдайда ғана және далада 50 адамнан асырмай ғана жиналуға мүмкіндік берілсе, егілген адамдарға жүздеп, мыңдап жиналуға рұқсат етілген. Израильде індет басталғалы 830 515 адам вирус жұқтырып, 6 157 адам көз жұмды.



## КОМЕНДАНТТЫҚ САФАТ ЕНГІЗДІ

3 сәуірде Түркияда коронавируспен ауырғандардың саны 44 756 жаңа жағдай болып, дертке шалдыққандардың рекордтық көрсеткіші жаңартылды.

Үш млн халқына ауру жұққан Түркияда 32 мың адам көз жұмған. Қауіп күшейгені ел билігі 12 сәуір мен 12 мамыр аралығына коменданттық сағат енгізді. Бұл аралықта кафе мен ресторандар қызметі тамақтарды үйлеріне жеткізіп берумен ғана шектеледі. Ел Президенті Реджеп Тайип Эрдоган наурыздың соңында Түркияның 58 қаласы ең қауіпті – қызыл аймаққа кіргенін мәлімдеген. Бұл қалаларда елдің 80 пайыз халқы өмір сүреді. Түркияда Pfizer/BioNTech және Sinovac екпелері қолдау тапқан. Жаппай вакцинация елде 14 қаңтарда басталған. Бүгінде елде 9,5 млн адам екпе салдырды.

## ҒАЛЫМ. БАСПАҒЕР. ДИПЛОМАТ

**Білімі мен білігін берік тұтқан, ғибратты ғұмыры ұрпаққа үлгі-өнеге Бахтияр Сардарбекұлы Тасымов осы көктемде 71 жасқа толар еді...**

Бахтияр Тасымов 1950 жылы Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы Шыршақ қаласында зиялы отбасында дүниеге келген. Әкесі Сардарбек Тасымов 1927 жылы Ташкент облысы Қыбырай ауданы Қышпақ ауылында туған. Ленинградтағы әскери аудармашылар институтында оқыған, әскери аудармашы. Қазақ, неміс, орыс, өзбек тілдерін еркін меңгерген. Балаларын жауапкершілік пен тәртіпке бала күнінен баулыған. Анасы Назира Исмаилова аяқ киім фабрикасында жауапты қызмет атқарған. Қарындастары: Клара – ағылшын, неміс тілдерінің маманы (қосымша: италиян), ал Гүлнәр ағылшын тілінің маманы (қосымша: жапон).

Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін бойларына сіңіре отырып, әлем елдері тілдерін меңгерген әулет. Білім алуға, тіл үйренуге күшталдық, әлем классиктерінің шығармалары жайлы өз ойларын ортаға салу, таласа тақырыптарды талдау, таным көзжиегіне көтерілу, ізгілікке ұмтылу... Отбасы құндылығы да осы болар.

Шыршақ қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы орта мектепті 1967 жылы бітірген Бахтияр Сардарбекұлы 1970 жылы В.И. Ленин атындағы Ташкент мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіне түсіп, оны шығыстанушы-тарихшы (араб елдерінің тарихы) мамандығы бойынша 1976 жылы бітіріп шығады.

Еңбек жолын 1976 жылы Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты оқулықтар мен оқу құралдарын шығаратын «Мектеп» баспасында «араб тілі мен әдебиеті» редакциясында редакторлық қызметтен бастаған Бахтияр Тасымов сол жылдары Таяу Шығыс елдеріне қызметке шақырылып, Иракта әскери аудармашы, ал Йемендегі КСРО елшілігінде референт қызметтерін де атқарады.

«Мектеп» баспасында аға редактор, редакция меңгерушісі болып қызмет істеген Бахтияр Сардарбекұлы әлем тілдерінде оқулық, оқу құралдары және ғылыми әдебиеттер шығаратын «шетел тілдері мен әдебиеті» редакциясына да жетекшілік етті.

Аллаһтың бұйрығымен менің де өмір мектебім, дәл осы кезеңде, дәл осы «Мектеп» баспасы, физика-математика редакциясында басталған еді.

Ұлт мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы жайында таусыла әңгімелейтін, ұлттық құндылықтарымызды жалпы адамзаттық мұраға айналдыруға күш салған Ш.Есмұрзаев (1977-1985), М.Сқақбаев (1985-1987), Ш.Аманов (1987-1989), Ж.Нұсқабай (1989-1998) сынды іскер басшы, абыз ағаларымызбен қызметтес болдық.

Білімнің байырғы бапкері – «Мектеп» баспасының (1976-1991) мектебінен шарболаттай шындалып шыққан баспагерлердің бірі Бахтияр Тасымов болатын.

Иә, біздердің де жалынды жастығымыз із қалатын ізгіліктегі іс – адамзаттың асыл мұрасы – кітап шығару ісіне арналды.

1988 жылы «Мектеп» баспасынан, ал 1990 жылы «Жазушы» баспасынан Бахтияр Тасымовтың «Араб тілі» (I бөлім) оқу құралы басылып шықты. Жалпы редакциясын басқарған Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә.Қайдаров. Пікір жазған: шығыстанушы-арабист, филология ғылымдарының докторы Ә.Дербісалиев. Бұл – екі жылдық оқу мерзіміне негізделген, араб әдеби тілінде жазылған оқу құралының бірінші бөлімі араб жазуы, фонетикасы, морфологиясы мен жай сөйлемдер жөніндегі жалпы мағлұматтарды қамтиды. Бұл бөлімде төте жазуды үйрететін арнайы тарау бар. Кітаптың соңында 600-ге жуық күнделікті қолданып жүрген сөздерді қамтитын арабша-қазақша сөздік берілген.

Автор кітапты жазу барысында араб елдерінде атқарған тәржімшілік және ҚазМУ-дың филология факультеті жанындағы араб бөліміндегі оқытушылық тәжірибесіне сүйеніп, Ирак, Йемен Араб Республикасы, Йемен Халық Демократиялық Республикасы, Тунис, т. б. елдердің мектепке арналған араб тілі оқулықтарының жазылу үлгісіне көңіл аударған.

1994 жылы жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы ретінде Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі бекіткен Бахтияр Тасымовтың «Араб тілі» (II бөлім) оқу құралы «Рауан» баспасынан басылып шықты.

Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті шығыстану факультеті студенттерінің ғана емес, басқа да гуманитарлық факультет студенттерінің, ғалымдардың, елімізден араб елдеріне барып жұмыс істейтін мамандардың сұранысына ие болған Бахтияр Тасымовтың «Араб тілі» оқу құралы 2005 жылы Алматы қаласындағы «Сөздік-Словарь» баспасынан қайта басылып шықты. Бұл – өңделген үшінші басылымы.

Қазақ мектептері үшін ең алғаш араб тілінде жазылып, Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі бекіткен «Әліппе» оқулығының авторы да Бахтияр Тасымов, редакторы Қайрат Лама Шариф болатын. 1991 жылы 5000 дана таралыммен «Рауан» баспасында басылып, оқырмандарына жол тартқан оқулық Қазақстанның араб елдерімен тіл білімі, тарих және мәдениет салаларындағы байланыстың алғашқы баспалдағы іспеттес еді.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекіткен, Бахтияр Сардарбекұлының А.Дадабаевпен бірлесіп жазған, орта мектептің 11-сыныбына арналған «Араб тілі» оқулығы (бірінші басылымы 1991 жылы жарық көрген) 1997 жылы толықтырылып, қайта өңделіп, «Рауан» баспасынан 10000 дана

таралыммен басылып шықты.

Баспа саласындағы жауапты қызметті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті арабтану кафедрасында (1993 жылға дейін) оқытушылық қызметпен ұштастыра білген Бахтияр Тасымов 1993 жылы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жауапты қызметке шақырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің сыртқы саясаты стратегиясын жүзеге асыратын Сыртқы істер министрі орталық аппаратында (1993-2013) жиырма жылдай жауапты қызмет атқарып, Қазақ елінің, қазақ мемлекетінің сыртқы саясатына белсене араласып, тәуелсіз Қазақстанның дипломатиясын қалыптастыруға зор үлес қосқан дипломаттардың бірі және бірегейі Бахтияр Сардарбекұлы еді.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Бахтияр Сардарбекұлы дипломатиялық байланыстардың бастауы болған, бабамыз Бейбарыс сұлтандық құрған Мысыр елінде – Египет Араб Республикасында (2008-2011), ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби мен Сұлтан аз-Заһир Бейбарыс жерленген Сирия Араб Республикасында (2008-2011), Кеңес Одағы мен Сауд Арабиясы арасында жарқын дипломатиялық байланыс орната білген Әзір Пәрекұлов (1928-1936) сұлтан салған Сауд Арабиясы Корольдігінде (2011-2013), қазақ дипломатиясының негізін қалаушылардың бірі, Алауиттер тағының ордені иегері құрметіне ие болған қазақ Мәлік Фазылов елші (1983-1990) болған ел – Марокко Корольдігінде (2008-2011), Кувейт Мемлекетінде (2012-2013), Бахрейн Корольдігінде (2012-2013) төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарып, халықаралық қатынасты дамытуға өз үлесін қосты.

Халықаралық дипломатияға терең біліммен, парасат-пайыммен келген Бахтияр Сардарбекұлы ұлттымыздың бойындағы ұлылық – мәмілегерлік дәстүрді кәсіби дипломатия талаптарымен үйлестіре, ұлттық мүдделерді прагматизм қағидаттарымен жаңғырта білді.

Қазақ елінің тарихын қалыпта-



тырған тарихи тұлғаларды, ғұлама ғалымдарды, мәдениет қайраткерлері мен өнер сандақтарын, қылқалам шеберлерін, ақын-жазушылар мен олардың ұлт құндылығын паш ететін шығармаларын араб елдеріне, әлемге таныстыруды мақсат етті.

Адамзаттың ақыл-ой бәсекесіне, кезек күттірмейтін қазақ әдебиеті мен руханиятын насихаттауға, аударма саласын одан әрі жандандыруға баса назар аударған Бахтияр Сардарбекұлы ғұлама ғалым, жазушы, аудармашы Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» шығармасының араб тіліне аударылып, араб елдеріндегі оқырмандармен табысуына, халықаралық баспа бағдарламасының жүзеге асуына тікелей атсалысты.

Араб халықтарының тарихы

мен әдебиетін, тілі мен мәдениетін терең білген Бахтияр Тасымов көп жылғы іс-тәжірибесіне сүйеніп отырып, 2002 жылы «Сауд Арабиясы: жасамаздық дәуірі» еңбегін жазды.

Эр-Риядтағы Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі ретіндегі өз миссиясын аяқтаған Бахтияр Сардарбекұлы 2014 жылы Екі кие сақтаушысы Абдалла патшаның Жарлығымен I дәрежелі Әбдел Әзиз патша орденімен марапатталды.

«Құттың құты – ердің ізгі есімі...» деп Жүсіп Баласағұн бабамыз жазып кеткендей, дипломат Бахтияр Тасымов (1950-2020) есімін де елі әрдайым есіне алары, өскелең ұрпаққа өмірі үлгі-өнеге болары хақ.

**Райхан МӘЖЕНҚЫЗЫ,**  
жазушы, баспагер-ғалым

## БОЛАШАҚҚА ҚАЗЕТТІ МАМАНДЫҚТАР ҚАНДАЙ?

**Қазіргі жастардың бізден әлдеқайда ақылды, алғыр екеніне сүйсінесің. Кейде олар біздей романтик, сезімтал емес көрінеді. Олардың көбі – прагматик. Көпшілігі біз сияқты тұрақты жұмысты қалай табуға болады деген уайымнан ада. Мысалы, шетелде оқып келген, ағылшын және қытай тілін меңгерген Арманның достарының арасында менеджер, жарнамашы, бағдарламашыдан бөлек, фрилансер мен жұмыссыздар да бар. Бірақ олар жұмыссыз қалудан қорықпайды. Әр кезде өздеріне лайықты кәсіп табады.**

Қазір қолынан келген адамға әлеуметтік желіде отырып соңынан біраз топты ертіп, Тибеттің ең ұшар басынан жаңа түсірілген суреттерді ұсынып та пайда табуға болады. Бізге мұны қабылдау оңай емес. Біздің жас кезімізде мұғалім мен дәрігер мамандығы ғана әрқашан сұранысқа ие болатындай көрінетін. Иә, бұлар шынымен де миллиондар (2000 жылдар аралығында дүниеге келген мақсаткер, жаңаның бәрине құштар жастар), үнемі онлайнда отырады, сауданы да интернет арқылы жасайды. Бұлардан кейінгі, шамамен елу жылдан кейінгі буынның қандай қасиеттері басымдық болатынын ойлаудың өзі қызық, себебі ол кезде бәрі өзгереді, мамандықтың да түр-түрі шығады екен.

### ҚИЯЛДЫҚ БӘРІ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛДЫ

Ең әуелі олар киім мен компьютерге қажетті құралды ғана емес, ішетін асына дейін кез келген шетелден тапсырыс беріп, дронмен алдыру немесе өзі дрон-оператор болуы мүмкін. Марк Цукербергтің айтуынша, көп ұзамай интернетті дрондар арқылы қосып, интернет-дүкендер тауарларды әуеммен тасымалдайтын болады, келешекте осы үшқышсыз әуе аппараттарының операторлары жоғары сұранысқа ие болады. Ғылым қарыштап дамуда, АҚШ-тың Флорида штатындағы Swapt Works корпорациясының инженерлері NASA тапсырысымен квадрокоптер жасады, аппарат өзге ғаламшарлардан пайдалы

қазбаларды іздейді екен. Келешек жастар үшін смарт-технология ең түсінікті жүйе болмақ. Ол кезде «Ақылды қаланың» сәулетшісіне, яғни қаланың инфрақұрылымының сәйкес келуін жүзеге асыратын маманға сұраныс артады. Ал баламалы валюталардың маманы тіпті қадірлі болатын сияқты. Себебі болашақта банкирлер қажет болмай қалады екен де, халық дәл бүгінгідей доллардың курсына елендемей, биткойн секілді баламалы валюталардың рөлі жоғарылайды.

### ОН ЖЫЛ ІШІНДЕ НЕ БОЛУЫ МҮМКІН?

Ғалымдар жақын жылдары 239 жаңа мамандық пайда болады дейді, сәйкесінше бұрынғы мамандықтар-

дың көбі қажет болмай қалады. Келешекте немерелеріміз блокчейн технологиясы, кибер зерттеуші, кибер адвокат, киборг нұсқаушысы, сандық аватар әзірлеушісі, сандық заңгер, жасанды интеллекттің әмбебап жасаушысы деген мамандық жәділер. 10 жылдан соң әлеуметтік желілер мен медиада визуалдық коммуникация үстемдікке ие болатынына күмән жоқ. Мұны Instagram-ның өсімінен де шамалауға болады. Digital саласының бейнеді тілін меңгергендер цифрлық мәдениетті дәстүрлі мәдениетке интеграциялау алатын өте қажетті мамандар болып шыға келеді.

Жақын күндері ғарыш сапарлары басталатынына ғалымдардың сенімі кәміл. Осыған байланысты ғарышқа сапарды қауіпсіз ері қызықты ете алатын кәсіпкер мамандарға деген мұқтаждық пайда болады. Ғарыштық туризм саласының мамандары біздің ғаламшарымыздан тыс жерлерге аппараттар турларды жүргізумен айналысады. Алдын ала жасалған болжамдарға қарағанда, 2030 жылға қарай Жердегі халық саны он миллиард адамға жететіндіктен, табиғи ресурстар барлығына жетпей қалуы мүмкін. Қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі инженерлер бүкіл дүние жүзінің флорасы мен фаунасының алынған үлгілерді пайдалана отырып,

елде көп» деген, қайтыс болған адамның әлеуметтік желідегі беттерін жүргізуші (digital death manager) деген де болады екен. Демек, оған да қажеттілік туағын болып тұр. Өміріміздің әр күнін толық құжаттап, ақпараттармен танысып, оны тиімді пайдалануға күш салатын жеке жылынамы (personal life log archivist); көпшілікке қоғамдық маңызы бар жобаларды ұсына отырып, қаражат жинақтайтын краудфандинг жөніндегі маман (crowdfunding specialist); қажетті диетта ұсынып, күнделікті және спорттық белсенділігіңізді қадағалайтын қызметтік тренер (quantified self personal trainer); оқушылар мен студенттердің өмірін қызықты ұйымдастыру үшін жұмыстанатын лайфхакер жөніндегі кеңесші (hackschooling counselor); баспананың жайлылық орнатушы (privacy consultant); видеограф (vicious videographer) деп аталатын мамандықтар да болады екен.

### БОЛАШАҚТЫҢ АДАМЫ... ОЛ ҚАНДАЙ?

Жаңа заманның мамандығы әлгіндей болғанда, адамы қандай болады? Елестетіп көрейік. Әрине, өте білімді, жан-жақты, сандық технологияны меңгерген жастар болмақ. Сонымен бірге, өмірді қабылдауы, кей дүние-

ақша туралы, жалпы материалдық игіліктерге қатысты пікірлері бізге кереғар. Оның келешекте баспана сатып алсам деген арманы жоқ. Көлік мінсем деп те ойламайды. «Аяқташа пайдалана тұруға болатын мүліктер үшін екі-үш есе ақша төлеудің қажеті не? Бір жерден ипотекаға баспана алып, сосын оны төлеп болғанша қозғалмай отыруым керек пе? Көлік алсам, оны күн сайын 2-3 сағат қана айдап жүремің, ал 10 жылдан соң бәрбір қоқысқа апарып тастау керек болады ғой. Такси тұрғанда көлік алудың не керекі бар? Ең ыңғайлысы осы, көлікпен қоса жүргізушің бар деген сөз».

Біз қатарлылардың ұғымында жылжымайтын мүлік – өзін-өзі ақтайтын, қай уақытта да тиімділігін жоғалтпайтын мүлік. Қарап тұрсаңыз, бүгінгідей тұрақсыздық жағдайында өмір сүріп жатқан адам баласы әйтеуір қандай да болсын бір кепілдік береді-ау деген нәрсенің бәрине екі-үш есе ақша төлеуге әзір. Расында, біз сенімділік үшін соңғы ақшамызды беруге дайынбыз. Өйткені пәтер сатып алғанда біз ешкімнің ол жерден шығарып жібермейтініне сенеміз. Арман болса, керісінше, бүгінгі заманда үй болсын, көлік болсын, жалдап пайдаланған ыңғайлы, болашақта бәрі осыған көшеді дейді. Арманның достары да қарызға батып, бас-аяғын жеткізе алмай қиналғаннан гөрі ыңғайлылықты, қаржы жағынан болсын, жағырапиялық жағынан болсын, тәуелсіздікті басты орынға қоятын көрінеді. Міне, жаңа заманның жастары өзгерек. Сонымен, енді елу жылдан кейінгі жастарды қалай елестеттіңіз? Иә, олар біз секілді кеңеске ерте келіп сегіз сағат жұмыс істемейді де, бір айлыққа қарап отырмауы да әбден мүмкін. Оларда таңдау мол болады. Олар интернет-бизнесі басқарып отыратын e-commerce саласының менеджері немесе ұсыныстар мен ақпараттық қормен қамтамасыз етіп, еңбек өнімділігін қадағалайтын кеңесші, жеке цифрлы кура-тор, күн сайын денсаулығыңызды бақылауда ұстап отыратын арнайы маман, ұйымдағы не мекемедегі ахуалды реттейтін дезорганизатор, қалаларда көпқабатты ғимараттарда, жер астында өсімдік өсіру, бау-бақша баптауда кеңес беретін микро-фермер болуы мүмкін. Жаңа кезеңнің жастарында таңдау мол болмақ.

**Жадыра ШАМҰРАТОВА,**  
интернет материалдары бойынша дайындалды







### – Өнер ордасының ерекшелігі неде?

– Бір ерекшелік, қойылымдардағы рөлдердің барлығы жанды дауыста орындалады. Театр – әртіс пен көрерменнің арасын байланыстыратын шынайы өнер. Сол көпінде сезім, сенім шындығы бар ма, сол маңызды. Көрерменнің көкейіндегісі тап басып, жүрегінің түкпірінде жасырынатын жатқан сезім алауын тұтату – мақсатымыз. Тек қана театрдың репертуарлық саясатын жүргізумен шектелмей, ағартушылық жұмыспен де айналысқым келеді. Балалар қойылым тамашалауға келгенде ұлттық, классикалық аспаптармен танымса дейміз. Себебі болашақ опера-балет, театр көрермендерін тәрбиелеуіміз қажет.

### – Сонда театрда да фонограмма қолданыла ма?

– Негізінен, көп театрларда хорларды фонограммаға жаздырып алып айтады. Жасыратыны жоқ, аймақтық театрларда көп қолданылады. Десе де өзіме Жастар театры,

Әзірбайжан Мәмбетов атындағы драма және комедия театры, Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының әртістері фонограммаға жүгінбейді. Біз де солар сияқты өзге театрларға үлгі болып, жасандылықтан біржола бас тартуды ұйғардық.

### – Театрдың Мәскеудің мемлекеттік академиялық музыкалық балалар мен жасөспірімдер театрымен бәсекелесуге қарым-қабілеті жете ме? Режиссер, актерлердің кәсіби шеберлігі қалай?

– Театрдың тірегі – актер мен режиссер. Қойылымды көрерменге жеткізуші – әртістер. Қазіргі таңда актерлік құрамның көшін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Канн халықаралық фестивалінің жеңімпазы С.Еслямова мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Б.Айтжанов бастап тұр. Оны «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегерлері А.Өтепберген мен А.Төлепов жалғастырады.

## ЖАС ҰРПАҚҚА ҚАНДАЙ ҚАҺАРМАН КЕРЕК?

Елорда театр жылында «Музыкалық жас көрермен» театрымен толықты. Қаллекидің орнына құтты шаңыраққа қоныстанған өнер ұжымы ел үмітін ақтай ала ма? Жаңа театрға танымал актерлерді топтастырудағы мақсат не? Бүгінгі телефонға телмірген балалар назарын қойылымға қалай аударады? Осы және өзге де сұрақтардың жауабын білу үшін аталмыш театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат МАМИРОВПЕН сұхбаттастық.

Ә.Макин, Е.Садырбаев, Р.Ұсманов, С.Мұқашев, А.Амандықов, А.Ғұмаров, Л.Темірхан, З.Сапар, С.Кеншілік, А.Сүндет сынды болашағынан үлкен үміт күттіретін 50 актеріміз бар. Егер әртістеріміз мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етсе, кез келген әлемдік театрлардан асып түсуге мүмкіндігіміз жетеді. Жас режиссерлермен жұмыс істейміз. Себебі олардың жаңашылдығы басым. Менің мақсатым – жастарды қолдау. Себебі жастар жазған дүние жастардың жүрегіне жол табады.

### – Театр өнерпаздарының басым бөлігі өз шәкірттеріңіз екен. Актерлік құрам қалай таңдалды? Таныс арқылы ма, әлде кастинг ұйымдастырылды ма?

– Қыркүйекте кастинг ұйымдастырдық. Музыкалық жас көрермен театры болғандықтан, «музыкалық театр әртісі» мамандығы бойынша білім алған кәсіби актерлер қабылданды. Себебі оркестр, хормен ән айту, арияларды жаттау кәсіби біліктілікті талап етеді. Ал іріктеу кезінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Д.Хамзина, А.Бермұхамбетова, С.Еслямова мен С.Айтбаеваның өзі төрелік етті.

### – Мектеп оқушыларының арасынан аталған театрдың сахнасындағы шындалып, келешек-

### те кәсіби актер атанар шәкірт тәрбиелеу ойыңызда бар ма?

– Індет аяқталған соң балалар шығармашылығына арналған театр өнерінің студиясын ашамамыз, яғни балғындарымыз актерлік шеберлік бойынша білім алып, театр сахнасында тәжірибеден өтеді. Игі істі қала әкімдігі мен Мәдениет басқармасы да қолдап отыр. Себебі балалар естіген ертегілерінде өздері ойнап жатса, нұр үстіне нұр. Студияға театр өнеріне, драмаға құштар балаларды кастинг арқылы қабылдаймыз.

### – Жасыратыны жоқ, соңғы уақытта «Балалар спектакліне билетті мәжбүрлеп сатпаңдар, балаларды театрға күштеп апармаңдар» деген сияқты пікірлер жиі айтылып жүр. Осыған қалай қарайсыз? Өздеріңіз мектеп оқушыларымен қалай байланыс орнатасыздар?

– Мәжбүрлеу болмайды, себебі бұл – шағын театр. Меніңше, театрға бала өзінің жүрек қалауымен ғана келуі керек. Осы тұста жауапкершілік ұлт болашағын ойлаған мұғалім мен ата-анаға жүктеледі. Жалпы билет құны әзірге нақты емес, ол 3-4 айда жан-жақты зерттеліп, анықталады. Менің ойымша, мектеп оқушыларына қолжетімді бағада болады. Десе де арнайы екі қатарды сол аз қамтылған, көпбалалы

отбасылардың балаларына арнап, қойылымдарды ақысыз тамашалауына мүмкіндік беруді ойға алып отырмыз.

### – Репертуарды қалай таңдайсыздар? Қандай премьералар мен жаңаша сипаттағы спектакльдерді сахналау жоспарда бар?

– Қаңтар айында «Қыз Жібек» этнофольклорлық мюзиклі мен «Шәмші» қойылымы ұсынылды. Ақпан айында ұлы ақын М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай «Ғашық жүрек» музыкалық қойылымы көрерменге жол тартты. Болашақта Б.Соқпақбаев, Т.Нұрмағамбетов, С.Сарғасқаев, С.Мұратбеков, Р.Мұқанова, Қ.Ысқақтың балаларға арналған туындыларын сахналау жоспарда тұр. Шетелдік танымал туындылар орыс, ағылшын, қазақ тілдерінде сахналануы қажет. Себебі астанада ағылшын тілді оқытатын мектептер бар, демек ағылшын тілді көрермен де табылады. А.Чеховтың «Шағаласын» қазақ, орыс тілдерінде қойымыз келеді. Бұл өз кезегінде театрдың табысына да оң әсерін тигізеді. Спектакльдің ең әуелі рухы, яғни идеясы мықты болуы керек. Қазір театрдың стратегиялық жоспарын жасап жатырмыз. Жас ұрпаққа өздеріне таныс кейіпкерлер мен XXI ғасыр қаһармандары керек.

Сұхбаттасқан  
Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ



## ЖАСТАР НЕГЕ ШЕТ ЕЛДЕН ЖҰМЫС ІЗДЕЙДІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында сөйлеген сөзінде «Еңбек миграциясы – бұл біліктілікті арттыру, жаңа дағдыларды игеру, өз ісін ашу үшін бастапқы капиталды жинақтау мен басқа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу сияқты жағымды жақтары бар көп қырлы процесс» деп еңбек миграциясы мәселесіне ерекше назар аударды. Дегенмен ақпарат көздерінде жарияланған деректерге сәйкес (eadaily.com, azattyq-ruhy.kz, forbes.kz, tengrinews.kz), қазақстандық жастардың дамыған елдердегі заңды және заңсыз еңбек көші-қонын реттеу бойынша шешілмеген мәселелер жиі көрсетіліп келеді.

Соның бірден-бірі – біздің азаматтарымыз үшін жасырын еңбек етуге тартымды елдердің қатарында – Оңтүстік Корея. Бұл елге қазақстандық азаматтар заңсыз еңбек ету үшін соңғы 6 жыл бойы туристік визаны арқау етіп жасырын барады. Мысалы, 2014 жылдан бері Оңтүстік Корея еліне заңсыз еңбек ету үшін баратын мигранттардың саны 359 адамнан 2019 жылы 12 мың адамға дейін күрт өсті. Олардың көбі – 20 мен 35 жас аралығындағы белсенді еңбекке қабілетті ел жастары. Сондай-ақ бұл елде жасырын еңбек етуші азаматтарымыздың құқықтары мүлдем қорғалмаған, кейбір отандастарымыз ауру мен жарақаттан қайтыс болады, өйткені олардың медициналық және әлеуметтік көмек алуға ешқандай мүмкіндіктері жоқ.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәліметінше, 2020 жылдан бастап 2019 жылға дейін шетелден азаматтардың қаржылай жеке аударымдарының көлемі 279 миллионнан 614 млн долларын құрады. Соның ішінде Оңтүстік Кореядан Қазақстанға ақша аударымдары 1,7 миллионнан 105 млн АҚШ долларына дейін өсті, яғни 6 жылдың ішінде Корея елінен аударылған қаржы көлемі 60 есеге ұлғайған.

Жоғарыда келтірілген фактілер бұл тенденция сақталатынын және тек дамитынын көрсетеді. Біздің азаматтарымыз, оның ішінде жастар қиындықтарға қарамастан, осы елге ақша табу үшін баратыны анық. Сонымен қатар, бұл елмен еңбек миграциясын реттеген 15 мемлекет болса, соның ішінде Қырғызстан, Моңғолия және Өзбекстан елдері бар. Бұл елдің азаматтары заңдық, екіжақты келісімшарттың негізінде Е-9 уақытша еңбек визасын алу арқылы жұмыс істеуге барады.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы 2020 жылдың қазан айында «Бірқатар елдерде қазақстандықтар заңсыз, жасырын жұмыс істеп жатыр. Мұндай жағдайда еліміздің азаматтары өзге елде тіркелу қиындықтары мен әртүрлі турмыстық мәселелерге тап болады. Әсіресе бұл үдеріс пандемия жағдайында айқын көрініс тапты» деп Үкіметке мәселені шешуді тапсырған болатын. Алайда Президент тарапынан берілген тапсырмаға 6 айдан астам уақыт өтсе де, еріксіз, нәпақасын табу үшін кеткендердің жағдайын шешуді қолға алар емеспіз. «Әр қазақ – менің жалғызым» деп Сабыр Адай айтқандай, Отанынан жырақта еңбегін пұлдап, нан табудың жолында жүрген азаматтарымыздың мәселесін кім шешпек?! Біле білсеңіздер, 12 мың адам – ол он мыңдаған тағдыр мен олардың тілеуін тілеп жүрген 12 мың отбасы.

Нұр Отан партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» 2025 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасында шетелде оқып және жұмыс істейтін қазақстандықтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау дипломатиялық қызметтер жұмысының маңызды басымдығы деп белгіленген.

Осыған байланысты Үкімет бұл мәселені ерекше бақылауға алып, Оңтүстік Корея мемлекетіндегі қазақстандықтардың заңды еңбек ету мүмкіндіктерін тез арада псықтауы қажет деп санаймыз.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ, Мәжіліс депутаты

## ӘЙЕЛ ЖАНЫН ӘЙГЛЕГЕН

Елордада белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәрбану Бейсенованың «Ұлы дала арулары» жобасы аясындағы кезекті кітабы – «Ұрпағына ұран болған аналар» атты жинағы жарық көріп, соның таныстырылымы өтті.

azamat\_79@bk.ru

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Тарихымызда ел бастаған хандармен, көсемдермен, батырлармен қатар жүріп, елдік іске араласып, халықтың алғысына бөленген, жұрт сыйлаған ақылғой, аузы дуалы аналарымыз болған. Сондай асыл аналарымыздың есімі мен өмірін қайта жаңғыртып, кейінгі жас ұрпаққа өнеге ретінде ұсынып отырған Шәрбану апайдың бұған дейін аталған жоба аясында бірінші болып «Сүйінбике», одан кейін «Бозоқ аруы» кітабы жарыққа шыққан болатын. Енді, міне, қарымды қа-

ламгердің оқырманға үшінші жинағы жол тартып отыр. Бұл құнды кітап үш бөлімнен тұрады: «Асыл текті әзіз аналар» деп аталған алғашқы бөлімге Шыңғыс ханның жары Бөрте ханымнан бастап, тарихымызда есімдері құрметпен аталатын Ақсұлу – Әлпеш ана, Нұрилла (Домалак) ана, Болған ана, Жұбан ана, Рәбия Сұлтан бегім, Жаған бике ханым, Бопай ханым және т. б. аналарымыз туралы қызықты деректер берілген. Ал «Есімі ру-тайпа атауына шыққан аналар» деген екінші бөлімге бір рулы елдің көсеміне айналған Қызай ана, Мұрын ана, Абақ ана, Тасбике, Тәттібике секілді аналарымыздың өмірінен

ғажап сыр шертіледі. Үшінші «Ел жадындағы аңыз аналар» атты бөлімде Қарқабат ана, Марау, Жұпар аналар мен Зере әже жайында әсерлі әңгімелер баяндалған. Қысқасы, кітапқа тарихымызда өз орны бар асыл аналардың өмірі туралы толымды дүние топтастырылған.

Таныстырылым барысында Парламент Мәжілісінің депутаты, белгілі қаламгер Сауытбек Абдрахманов жаңа жинақ туралы парасатты ой айта келіп, оның негізінде анаға деген құрмет жатқанын атап өтсе, жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай: «Аналар дегеніміз – ешқашан таусылмайтын қасиетті тақырып. Ел тарихында бір өзінен бір



қауым ел тараған аналар бар. Мәселен, Мұрын анандан тоғыз болыс ел тараған. Қазіргі Тарбағатай, Ақжар, Ақсуаттың жартысы, Ақжар, Мақаншы – түгел осы Мұрын ханның елі» деп сөзін өткен тарихпен астастырып сөйледі. Ал қаламгер Әріс Яшүкірқызы автордың жазу шеберлігіне тоқтала келіп: «Шәрбану Бейсенованың әйел жанының әдемі әлемін зерттей білуі ешкімге ұқсамайды. Жазушы өзі сомдап отырған образды ой талғамына салып, оқиғаны жақсы өрбітеді. Әр туындысында байқаған жанға философиялық ой, түйін байқайсыз. Жаңа жинақты оқып отырып, есімдері ру-тайпа атауына айналған Қызай ана, Абақ ана секілді

асылдарымызбен таныс болып отырмыз. Сондай-ақ Рәбия Сұлтан бегім, Жаған бике ханым, Әбілхайыр ханның зайыбы Бопай ханым, Кенесары ханның қарындасы Бопай ханшаның ерлік істерін әсерлі жеткізген» деп мағыналы ой қозғады.

Сонымен бірге мазмұнды іс-шарада Әлібек Асқар, Жан-Болат Аупбаев, Асқар Алтай, Жанна Құрманғалиева, Ләззат Сүлеймен секілді зиялы қауым өкілдері аталмыш еңбек туралы ой-пікірлерін айтты.

Айта кетейік, кеше Шәрбану Бейсенованы Мәдениет және спорт министрі Ақтоқты Райымқұлова қабылдап, жазушыны «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттады.










Table with 10 columns: Candidate ID, Surname, Name, Middle Name, Date of Birth, and Description of the position. The table lists candidates for various positions across different sectors.

Table with columns for candidate ID, name, date, and details of their election results and party affiliation.

Table with columns for candidate ID, name, date, and details of their election results and party affiliation.

Table with columns for candidate ID, name, date, and details of their election results and party affiliation.

(Жалғасы 13-бетте)

Сауда және интеграция министрлігінің Қазақстанда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында үкіметтік емес ұйымдардың бірыңғай ұлттық қауымдастығын құру ұсынысы халықаралық елдердің тәжірибесіне негізделген, онда олардың юрисдикцияларында міндетті мүшелік қалыпты деп танылады.

Қазіргі таңда 112 тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері тіркелген, оның ішінде 47 кәсіпкерлер мен тұтынушыларды қорғау қызметін атқарады, 65-і тек тұтынушылардың мүдделеріне сай әрекет етеді, оның ішінде уәкілетті органмен өзара іс-әрекеттегі ең белсенділері шамамен 40-қа жуық.

Алайда қоғамдық бірлестіктерде салалық ерекшелік қалыптаспаған, салалар бойынша мамандандырылмаған және мәселелерді шешуге бірыңғай көзқарас жоқ. Олардың көпшілігі оқшауланған түрде жұмыс істейді, көбінесе бір-бірінің идеологиясына кедергі келтіреді, бұл мемлекеттік орган мен ҰЕҰ арасындағы қатынастардың тиімсіздігіне әкеледі. Сондықтан қоғамдық бірлестіктерді бір қауымдастыққа біріктіру:

- Қауымдастық институтын саннан сапаға қарай қағидат бойынша қайта құру, өйткені тұтынушылар ҰЕҰ сенімділігі мен маңыздылығы туралы білгісі келеді. Бүгінде елімізде тіркелген тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдарының жалпы санының өсуімен, әдейі ұйымдардың саны номиналды, яғни қағаз жүзінде жұмыс істейді. - барлық ҰЕҰ, оның ішінде ауылдық жерлерде орналасқан, әділетті азаматтық қоғам құру үшін тек мүмкіндіктерді қанаттасу етуге; - ҰЕҰ қызметінде, сауда, қаржы, медицина, туризм сияқты әр түрлі салалардағы бағыттарды дамытуға; - тұтынушылардың дауларын шешуге мемлекеттің қатысуын барынша азайтуға мүмкіндік беріледі.

2020 жылдың төртінші тоқсанында бірнеше рет жұмыс топтарында, конференцияда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі 40 ең белсенді қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен, Сауда және интеграция министрлігімен ұйымдастырылған азаматтық форумда талқыланып отырған мәселелерді азаматтық қызу пікірталастары нәтижесінде идеология негізінде қолдау тапты, сонымен бірге айтылған кейбір тілектерді Сауда және интеграция министрлігі ескеруді жоспарлап отыр.

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы, І.Жансүгірұлы көшесі, 7 мекенжайында орналасқан «Астана-Теплотранзит» АҚ тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға 2020 жылғы жылу энергиясын беру және тарату бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі жаңы сайынғы есепті жария тәуірде өткізеді.

Тыңдау 2021 жылғы 28 сәуірде сағат 15.00-де Нұр-Сұлтан қаласы, І.Жансүгірұлы көшесі, 7 мекенжайындағы «Астана-Теплотранзит» АҚ ғимаратында өтеді. Тыңдауға қатысушыларды тіркету 2021 жылғы 27 сәуірде сағат 16.00-ге дейін өткізіледі. Өтінімдер 77-12-68 телефоны, 54-75-98 факсы, e-mail: fes\_a-tranzit@mail.ru арқылы қабылданады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ 2021-2022 оқу жылы бойынша 6-сыныпты оқып жатқан оқушылар үшін құжаттар қабылдау басталғаны хабарлайды және тапсыру рәсімін онлайн түрде жүргізіледі.

Емтихан ағымдағы жылы 24-25 сәуір күндері өтеді. Толық ақпаратты https://biletitihan.kz/hello, Instagram: bil.astanaboy, + 7 (7172) 50-17-21, WhatsApp + 77076949059. Мекенжайы: Т.Рысқұлов көшесі, 14.

Advertisement for ASTANA AQSHAMY newspaper. Includes logos for Nұr-Sұлтан, ELORDA, and other partners. Text: 'ГАЗЕТИНЕ 2021 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!'. Pricing table for subscriptions. Contact information: 8 (7172) 58-02-96 (4175) and website www.astana-akshamy.kz.

## ӘНШІНІҢ ТАРТУЫ

Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік академиялық филармониясының әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арайлым Рахымқызы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен жыр алыбы – Жамбылдың 175 жылдығына бейнебаяндар арнады.

amangali.kalzhani@mail.ru

**Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ**

Тәуелсіздік мерейтойына орай әншінің орындауында «Қазақстан жастары» туындысы тыңдармандарға жол тартты. Бұл әннің авторлары – көрнекті ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Серік Тұрғынбекұлы мен композитор, Қазақстанның мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек.

Ал Жамбыл Жабаевтың «Жаз» өлеңіне өз кезінде әйгілі әнші, ҚазКСР халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиев ән жазды. Арайлым Рахымқызы осы туындыны жаңғыртып отыр. «Жайдарлы, жаныңды жадыратар «Жаз» өлеңін домбырамен айттым. Ұлттық өнерімізді, дәстүрлерімізді, бабалар мұрасын көздің қарашығындай сақтап, насихаттау керек. Сол арқылы өскелең ұрпаққа үлгі, өнеге, қазақы тәрбие беру маңызды» дейді астаналық филармония әншісі.



## ЖЕЛІДЕН ЖАЛҚЫ ЖЫР

Жүрсін ЕРМАН, ақын, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың екі мәрте иегері

## ІЗДЕУ САЛУ

Жеткіземіз деп жүріп жолдарды Айға, Жиреншені, алмаймыз Алдарды ойға. Шырт түкіріп, шақшасын қағып қойып, Қабағымен ықтырар шалдар қайда?

Жеті қырдың астынан тың тыңдаған, Жігіт қайда – сақтайтын жылқыңды аман? Ажал жетсе арысқа – жоқтау айтып, Жесір қайда – жұбанбай сұңқылдаған?!

Тұлпарларын жүрсе де мініп қойға, Тектілігі қанымен тұнып бойда, Қарындастың басына күн туғанда, Ту түбінен табылар жігіт қайда?!

Бәлесі көп бықсытып өрт-өсегін, Бұрышында тұрмайтын әр көшенің. Ару қайда – ар, ұят, иманымен Жайнамаздай күтетін жар төсегін?!

Қыздар қайда – Мәжнүннің ғашығындай, Келін қайда – аспанның ашығындай. Омпысына қорғасын құйып қойған Бала қайда – құлжаның асығындай?!

Намыс болса, оянар өзі-ақ бойда деп жүргенде, ағарып көз ақпай ма? Алты алаштың арманын арқалаған Асып туған атадан қазақ қайда?!

Бар азапты арқама тиегендей Мен өлуім керек қой, киім өлмей... Қазақ іздеп жүрмін мен, қазақ іздеп, Күндіз шырақ ұстаған Диогендей!



## ЕЛОРДА КОМАНДАСЫ – ЧЕМПИОН

Алматы қаласында 12-13 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында су добынан Қазақстан Республикасы чемпионатының соңғы турының финалдық ойындары өтті. Тартысқа толы жарыста елордалық команда чемпион атанды.

Жарыстың финалына Алматы, Атырау, Ақтөбе, Көкшетау, Тараз қалаларының командалары қатысты. Нұр-Сұлтан қаласының құрамасы барлық матчта жеңіске жетіп, үздік нәтиже көрсетті.

Жалпы қорытынды есепте бірінші орынды 10 ұпаймен Нұр-Сұлтан спортшылары жеңіп алса, екінші орынды 7 ұпаймен Тараз иеленді. Ал үздік үштікті 5 ұпаймен Ақтөбе түйіндеді.

Осы жастағы спортшыларға 2024-2036 жылдары өтетін Олимпиада ойындарында Қазақстанның намысын қорғайды деп үміт артылып отыр. Нұр-Сұлтанда су добының бірегей базасы құрылды, оның жаттығу процесін қазіргі Олимпиада чемпиондарын тәрбиелеген балалар су добынан

шақырылған сербиялық маман Небойша Обрадович басқарады. «Бұл жетістіктер елорда әкімдігі мен Нұр-Сұлтан қаласының Спорт басқармасы тарапынан балалар су добын қаржыландырудың арқасында мүмкін болды. Елдегі су добы жыл сайын дамып келеді, спортшылардың бәсекесі мен шеберлігі артты. Биыл Астаналық су добы мектебі өзінің он жылдығын атап өтіп жатыр» деді су добынан қаланың аға жаттықтырушысы Әділ Темірханов.

Айта кетейік, ел чемпионаты эпидемиологиялық жағдайға байланысты жанкүйерсіз өтті. Ал бәсеке барысында санитарлық нормалар мен талаптар толықтай сақталды.

## МАЙРАНЫҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ

Қазақстандық опера әншісі Майра Мұхамедқызы серіктес елдердің ең танымал классикалық орындаушылары номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Классикалық өнер саласындағы Bravo халықаралық кәсіби музыкалық сыйлығын тапсыру салтанаты Мәскеудегі Үлкен театрдың тарихи сахнасында өтті.

Майра Мұхамедқызы осындай беделді марапатқа ие болу тосын сый болғанын және үлкен мәртебе екенін айтты. «30 жылдан астам шығармашылық қызметімде көптеген байқаулардың жеңімпазы болғанымна қарамастан, бүгінгі таңда танымал тұлғалардың арасында тарихи сахнада тұру мен үшін өте қызықты әрі әсерлі болды» деді ол.

Ресейлік танымал тележүргізуші Андрей Малахов өз кезегінде бұл жеңісті қазақ әншісінің дарыны мен жетістігінің лайықты дәлелі деп атап, оған бар жақсылықты тіледі.

Bravo сыйлығының атқарушы продюсері Юрий Андрейчук Қазақстан әлемге таңғажайып өнер

тұлғаларын сыйлайтынын атап өтті. «Бүгін біз опера және балет театрының алғашқы әнші директоры – біздің сыйлықтың лауреаты Майра Мұхамедқызын қарсы алғанымызға қуаныштымыз, бұл – біз үшін аса құрмет» деді ол.

Майра Мұхамедқызы – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көптеген танымал халықаралық байқаулардың лауреаты, Париждегі «Гранд Операның» алғашқы қазақстандық солисі. Осы жылдың қаңтарында ол Шымкенттегі опера және балет театрының директоры болып тағайындалды.

Bravo сыйлығы 2017 жылдан

бастап жыл сайын классикалық және танымал музыка саласында беріледі. 2020 жылы коронавирус пандемияға байланысты тапсыру рәсімі өткен жоқ.

Сыйлықтың ерекшелігі номинанттарды ұсыну айқындығы және әртістердің танымалдылығының объективті көрінісін жеке көзқарас бойынша емес, музыка индустриясының кәсіби мамандары ұсынған және концерттерге сатылған билеттер саны, синглдер мен альбомдардың таралымы, әндердің радио мен теледидарда танымал болуы, YouTube-те қаралу саны, бұқаралық ақпарат құралдарында айтылған мәліметтер және т. б. аналитикалық көрсеткіштердің нәтижелері бойынша анықталады.



Ұлттық академиялық кітапханада белгілі ақын, айтыскер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, мәдениет қайраткері Егеухан Мұхамедқызының «Бұйырғын» және «Кінәлі қыз» атты кітаптарының таныстырылымы өтті.

## ТӘРБИЕ МЕН ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ...

azamat\_79@bk.ru

**Азамат ЕСЕНЖОЛ**



Жиынды белгілі ақын, ғалым Жанат Әскербекқызы жүргізіп, Егеухан апаның шығармашылығына жан-жақты тоқталып, мазмұнды ой өрбітті. Одан кейін сөз алған Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты қызметкері, ақын Рига Очаева кеш иесіне Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың құттықтау хатын оқып берді.

Өмірде көргені мен түйгені мол асыл ананың оқырманға жол тартқан «Бұйырғын» жыр жинағына кестелі өлеңдері мен толғаулары еңсе, «Кінәлі қыз» роман-эссесіне қаламгердің өз басынан өткен, тәрбие мен тағылымға толы оқиғалары арқау болған.

Сондай-ақ іс-шараға белгілі жазушы Шәрбану Бейсенова, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова, ақын Оңайғұл Тұржан және тағы басқа зиялы қауым өкілдері қатысып, автор мен жаңа туындылар жайында ой-пікірлерін айтты.

## САРЫАРҚАНЫҢ КИЕЛІ КӨРІНІСІ

Алдағы 9 сәуірде Мәдениет және спорт министрлігінің «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы К.Ақышев атындағы Археологиялық ғылыми-зерттеу институты бірлесіп, «Сарыарқаның киелі ландшафты» атты құнды еңбекті таныстырылым өткізеді.

Аталған ғылыми монография қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ұжымдық еңбегі деуге болады. Онда Солтүстік Сарыарқаның екі жергілікті аймағы: Ақмола облысындағы Есіл мен Теңіз-Қорғалжын оазисін зерттеу мысалында ландшафтты сақтау шарттары мен механизмінің сипаттамасы ұсынылады. Сонымен бірге кітапта ежелгі және ортағасырлық дәуірлердің тарихи-мәдени, этностық, интеграциялық процес-

теріндегі ғибадат мемориалдарының ролі көрсетілген.

Киелі ландшафт – діни нысандар түрінде із қалдырған адамзат баласының рухани іс-әрекетімен өзгерген геомәдени кеңістік. Оның материалдық көрсеткіші – үйінділер түріндегі археология ескерткіштері, ежелгі қалалардың, құлшылық етуге арналған ғибадатханалардың қирандылары, тасқа салынған суреттер. Сарыарқа – аумағы жағынан

үлкен, әртүрлі ландшафттар кешенін тұратын табиғи-географиялық құрылқы. Сарыарқаның дала белдеуі әртүрлілігімен ерекшеленеді және меридиандық сипаттағы мәдени байланыстарға бейім. Кітапта Сарыарқа ерекше киелі локус ретінде ұсынылған, оның мәдени ландшафты алдыңғы ұрпақтардың мыңжылдық қызметімен қалыптасқан. Әрбір тарихи-мәдени дәуір осы кеңістікте өзінің киелі орталықтарын қалдырған.